

Almaty

AQSHAMY



БАУЫРЛАСТЫҚ БАЙЛАНЫС

Қазақстан мен Өзбекстан басшылары бейресми кездесу өткізді

2

Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №35 (6713) 14 сәуір, сейсенбі, 2026 жыл. | www.aqshamnews.kz

12+

ӘКІМ

САПАЛЫ ҚЫЗМЕТ – БАСТЫ МІНДЕТ

Шаһарда жылыту маусымы қорытындыланды



Алматы қаласының әкімі Дархан Сатыбалдының төрағалығымен 2025-2026 жылдардағы жылыту маусымы қорытындыланып, алдағы күзгі-қысқы кезеңге дайындық мәселесіне арналған кеңес өтті.

2

ҒЫЛЫМ


ҒАРЫШ ТУРИЗМІ

Алматылық оқушылар NASA-ны таңқалдырды



Ионосфера институтында Ғылым күні мен Ғарышкерлер күніне орай SPACE4WOMEN Kazakhstan атты ауқымды ғылыми-қоғамдық іс-шара өтті. Кездесудің басты тақырыбы – Қазақстаннан шыққан алғашқы әйелдің ғарышқа ұшуы және әйелдердің ғылым мен ғарыш технологияларын дамытудағы рөлі болды.

3



БІЗДІ ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДЕН ОҚЫҢЫЗ:

www.aqshamnews.kz



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

САРАПТАМА

БАУЫРЛАСТЫҚ БАЙЛАНЫС

Қазақстан мен Өзбекстан басшылары бейресми кездесу өткізді

11 сәуірде Қасым-Жомарт Тоқаев Өзбекстанға жұмыс сапарымен барды. Бұхара қаласының әуежайында мәртебелі мейманды Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёевтің өзі қарсы алды. Салтанатты қарсы алу рәсімінен кейін мемлекет басшылары бейресми кездесу өткізіп, шаһардағы бірқатар тарихи және өнеркәсіп нысандарына: Бахауддин Нақышбанди мемориалдық кешеніне, Бұхарадағы Ахуалдық орталыққа, жасанды интеллект хақатонына және MERGANTEKS кәсіпорнына барды.

Дәстүрге айналған дипломатия

Соңғы жылдары Қасым-Жомарт Тоқаев пен Шавкат Мирзиёев арасында бейресми форматтағы кездесулер өткізу саяси дәстүрге айналды. Мемлекеттер басшылары осы уақытқа дейін жеке үш рет бейресми кездесу өткізді.

2024 жылы 4 сәуірде Өзбекстанның Хива қаласында алғаш рет кездесу ұйымдастырылған. Кездесуде Қасым-Жомарт Тоқаев пен Шавкат Мирзиёев Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы стратегиялық серіктестік пен одақтас-тықты одан әрі нығайту мәселелерін талқылаған. Бұл кездесуде алғаш рет «қазақ-өзбек тандемі» ұғымы саяси сипатқа ие болды. Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев екіжақты кездесу барысында қазақ-өзбек тандемі өмірлік қажеттіліктен туғанын, бірге әрі жұмыла әрекет еткенде ғана елдеріміздің орнықты дамуын қамтамасыз етуге болатынын айтқан.

Кездесуде президенттер өзара тауар айналымын ұлғайту, энергетика, көлік, су шаруашылығы, IT салаларындағы ынтымақтастықты дамыту мәселелері туралы пікір алмасқан. Бұдан бөлек,



(Дереккөз: Akorda.kz).

мемлекеттер басшылары Орталық Азиядағы тұрақтылық пен қауіпсіздікті сақтау мәселесіне ерекше назар аударған.

Екінші бейресми кездесу 2025 жылы 29 наурызда Алматы қаласында өтті. Бірінші кездесуден ерекшелігі – екі мемлекеттің басшылары да сөйлеген сөздерінде Қазақстан мен Өзбекстанның «одақтастар» екенін ерекше атап өткен. Қасым-Жомарт Тоқаев екі ел арасындағы ықпалдастық тұтас Орталық Азия өңіріндегі жағдайға тікелей әсер ететінін мәлімдеген.

Кездесуде мемлекеттер басшылары саяси, сауда-экономикалық, көлік-логистикалық, инвестициялық, энергетикалық, су шаруашылығы, өнеркәсіп кооперациясы және туризм салаларындағы өзара ықпалдастықтың перспективасын жан-жақты талқылады. Сондай-ақ, мәдени-гуманитарлық

байланыстарды дамытуға ерекше назар аударған. Кездесу соңында президенттер қазақ-өзбек стратегиялық серіктестігін одан әрі тереңдетуге бейіл екенін растаған.

Қарап отырсақ, осы уақытқа дейін екі ел басшысы арасындағы бейресми форматтағы кездесулер ел астаналарында өтпеді. Бұл, әрине, кездесудің форматына байланысты екені мәлім. Әрі көрші, әрі бауырлас екі елдің берекесін бекемдейтін осындай форматтағы кездесулер алдағы уақытта да өз жалғасын тауып жатса, келесі кездесу орыны ретінде Түркістан қаласы таңдалуы мүмкін деп болжауға болады.

Бұхарадағы жүздесу

Қасым-Жомарт Тоқаев пен Шавкат Мирзиёев арасындағы бейресми форматтағы кездесуі Өзбекстанның

Бұхара қаласында болып отыр. Осыдан бұрынғы кездесулерге ұқсас бұл да бауырластық қарым-қатынасты тіпті де бекемдей түсті. Қазақстан Президенті бұл кездесудің геосаяси құбылмалы жағдайда өтіп жатқанына назар аударды. Шынында да, Таяу Шығыстағы шиеленіс, Д.Трампың билікке келгелі АҚШ-тың жүргізіп жатқан сыртқы саясаты Орталық Азия да өзіндік әсерін беруде. Құбылмалы геосаяси жағдайда Астана мен Ташкенттің бауырластықты бекемдеп, жұмыла әрекет етіп жатқаны аңғарылады.

Ресми ақпаратқа сүйенсек, кездесуде тараптар экономикалық серіктестікті кеңейту жөніндегі стратегиялық бағытты ұстанатынын растаған. Бұдан бөлек, мемлекеттер басшылары сирек кездесетін металдарды өндіру мен өңдеу, көлік-транзит, су-энергетика салалары және IT секторындағы ықпалдастық мәселелерін егжей-тегжейлі талқылаған. Сондай-ақ, мәдени-гуманитарлық байланыстарды нығайту мен туризмді дамыту ісіне айрықша мән берген. Келіссөз қорытындысы бойынша мемлекет басшылары екі ел үкіметтері арасындағы Сауда-экономикалық ынтымақтастықты одан әрі дамыту жөніндегі жол картасын қабылдауға уағдаласқан.

Бейресми кездесудің қазіргі геосаяси құбылмалы кезеңде өткенін ескерсек, талқыланған мәселелердің ауқымы бұдан да кең болуы мүмкін. Айталық, кездесуде Трамп ұсынған «Бейбітшілік кеңесі» бастамасындағы екі елдің орны мен рөлі, «ОА+АҚШ» форматы және өзге де мәселелер де қамтылған болуы мүмкін.



Пердехан ШӘМШИЕВ, сарапшы.

НАҚТЫ СЕКТОР

САПАЛЫ ҚЫЗМЕТ – БАСТЫ МІНДЕТ

Шаһарда жылыту маусымы қорытындыланды



Суретті түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ

(Басы 1-бетте)

Кеңес барысында қаланың жылу-энергетика кешені кәсіпорындарының есебі тыңдалды. Жиында жылыту маусымы қалыпты режимде өткені атап өтілді. Тіршілікті қамтамасыз ету жүйелері тұрақты жұмыс істеп, апаттық қызмет төтенше жағдайларға жедел әрекет етті.

Қалалық энергетика және сумен жабдықтау басқармасы өкілдерінің мәліметінше, жылыту кезеңінде бірқатар бағыт бойынша

технологиялық іркіліс азайған. Атап айтқанда, жылу желілеріндегі ақау 276 жағдайға дейін, сумен жабдықтау желілерінде 434-ке дейін, газ желілерінде 153-ке дейін қысқарған. Жылу желілерінің тозу деңгейі – 53,9%, электр желілерінде – 63,3%, қазандық жабдықтарында – 63,5%-дан асады.

Жүйелердің сенімділігін арттыру мақсатында биыл ауқымды жөндеу жұмыстары жоспарланған. Атап айтқанда, шамамен, 20 шақырым жылу желілерін қайта

жаңғырту, 84 қазандықты жөндеу және 2 қазандықты жаңарту, 1 мың шақырымнан астам электр желілерін жаңарту және қосалқы станцияларды модернизациялау көзделген. Сонымен қатар, 54 шақырым су құбыры және 9,8 шақырым кәріз желілерін қайта жаңғырту, 34,8 шақырым газ желілерін жаңарту жоспарланған.

Кеңесте келесі жылыту маусымына дайындық, желілердің тозуын төмендету және коммуналдық қызметтердің сапасын арттыру мәселелеріне ерекше назар аударылды.

– Мердігер ұйымдар құрылыстан бастап пайдалануға беру кезеңіне дейін барлық жұмысты сапалы әрі үздіксіз атқаруға тиіс. Негізгі мақсат – инженерлік жүйелердің қауіпсіздігі мен сенімділігін арттырып, тұрғындарға қызметтердің үздіксіз әрі сапалы көрсетілуін қамтамасыз ету. Сонымен қатар, белгіленген мерзімді қатаң сақтау және жұмыс сапасының төмендеуіне жол бермеу қажет, – деді қала әкімі.

Кеңес қорытындысы бойынша жөндеу жұмыстарын жеделдету, олардың сапасына бақылауды күшейту және коммуналдық кәсіпорындардың жауапкершілігін арттыру жөнінде нақты тапсырмалар берілді.



Көшеге жарық келді

Алматының Сәтбаев атындағы көшесінде (Тілендиев көшесінің баты жағында) жүргіншілер өткеліне проекциялық жарықтандыру орнатылды. Бұл маңда тұрғын үй кешендері, қоғамдық көлік аялдамалары мен сауда нысандары орналасқан. Аталған аумақ адам мен көлік қозғалысы көп болғандықтан таңдалған.

Жаңа жүйе өткелді айқындап, әсіресе, түнде жүргізушілерге жаяу жүргіншілерді ертерек көруге мүмкіндік береді. Ол автономды жұмыс істеп, көше жарығымен біріктірілген. Бұл жол-көлік оқиғаларының алдын алуға және қауіпсіздікті арттыруға ықпал етеді. Айта кетейік, мұндай шешім жол қауіпсіздігін арттыруға бағытталған. Егер жоба тиімді болса, қала бойынша кеңінен енгізіледі.

Дана САДЫРҚАН.



Суреттерді түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

ҮЗДІК ТӘЖІРИБЕЛЕР ОРТАЛЫҒЫ

Алматы қаласында №29 қалалық емхана базасында медициналық-санитариялық алғашқы көмектің (МСАК) ның ашылуы өтті. Іс-шараға қалалық Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Марат Пашимов пен Алатау ауданының әкімі Данияр Қырықбаев қатысты.



Нұрлан
СҮЙІН

Жаңа орталық халықаралық халық денсаулығы үшін стандарттарды енгізу, цифрландыру және кешенді көзқарасты дамыту арқылы медициналық көмектің қолжетімділігі мен сапасын арттыруға бағытталған.

№29 қалалық емхана өзіне тіркелген 70 мыңға жуық адамға қызмет көрсетеді, олардың 47%-ы – балалар. Қызмет көрсету аумағы 22,6 км-ді қамтиды.

Мұнда 40 отбасылық медицина учаскесі мен 24 бейінді маман жұмыс істейді. Тіркелген халықтың едәуір

бөлігін көпбалалы және әлеуметтік осал отбасылар құрайды.

Орталық медициналық, психологиялық және әлеуметтік көмекті біріктіре отырып, заманауи модельдерді енгізеді, атап айтқанда: мобильді бригадалардың жұмысы, патронаж қызметі, мейіргерлердің дербес практикасы және салауатты өмір салтын қалыптастыру бағдарламалары.

Үздік тәжірибелер орталығы мыналарды қамтиды:

- «алғашқы 5 минут» қағидаты – пациентті табылдықтан бастап жедел бағыттау және көмек көрсету;
- даулы жағдайларды шешуге арналған медиация кабинеті;

- «емхана пациент көзімен» – көрсетілетін қызмет сапасын бағалау;
- халықтық кеңес және тұрғындармен кері байланыс;
- медицина қызметкерлеріне арналған тренингтік орталық;
- МСАК деңгейінде мейіргерлердің дербес практикасы;
- денсаулық мектептері (тамақтану, аурулардың алдын алу);
- психикалық және ерлер денсаулығын қорғау бағыттары;
- медициналық, әлеуметтік және психологиялық көмекті интеграциялау.

Қалалық Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының басшысы М. Пашимов атап өткендей:

«№29 емхананың таңдалуы кездейсоқ емес, ол үшін халық саны мен қызмет көрсетілетін аумақтың ерекшеліктері ескерілді. Негізгі мақсаты-

мыз – кешенді көмектің ыңғайлы жүзін қүру, цифрландыру деңгейін арттыру және медициналық қызмет сапасын халықаралық стандарттарға сәйкестендіру».

Орталықта Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы ұсынған 13 жоба жүзеге асырылуда. Олар медицина қызметкерлерінің жұмысын жетілдіруге, пациенттердің қатысу белсенділігін арттыруға бағытталған.

«Біздің басты міндетіміз – пациенттердің денсаулығына қамқорлық жасау және қолайлы жағдай қалыптастыру. Өз денсаулығына жауапкершілікпен қарау маңызды – скринингтерден өту, дәрігерлердің ұсынымдарын сақтау және салауатты өмір салтын ұстану қажет», – деп атап өтті М.Пашимов.

Бұл үздік тәжірибелер орталығы Алматы қаласындағы үшінші нысан болды. Бұған дейін мұндай орталықтар №4 және №23 қалалық емханаларда ашылған болатын.

Алдағы уақытта аталған модельді қаланың барлық емханаларында енгізу жоспарланып отыр.



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

ҒАРЫШ ТУРИЗМІ

Алматылық оқушылар NASA-ны таңқалдырды



Досбол
АТАЖАН

(Басы 1-бетте)

Іс-шараға ғылыми қауымдастық өкілдері, аэроғарыш саласының мамандары, білім беру ұйымдары мен жас зерттеушілер қатысты. Кездесу алаңы ғылымның болашағы, технологиялық даму және Қазақстанның жаһандық ғарыш кеңістігіндегі орны туралы ашық пікір алмасу алаңына айналды. Қазақстаннан ғарышқа ұшқан алғашқы әйел Дана Қарағұсова іс-шараға қатысып, өз тәжірибесімен бөлісті.

– Бізді кәсіби ғарышкерлермен салыстыруға болмайды, өйткені олар – ғарышкерлер, ал мен – ғарыш туристімін. Менің суборбиталық ұшуым небәрі 16 минутқа созылды. Мені «астронавт» деп атап жүрсе де, өзімді ұлы ғарышкерлермен салыстыра алмаймын, – деді Дана Қарағұсова.

Жаңа буынның жарқын мысалы ретінде Алматы қаласындағы НЗМ ФМБ оқушыларының YURT командасы атап өтілді. Олар NASA ұйымдастырған Space Settlement Contest 2025 халықаралық байқауының жеңімпаздары атанып,

Юпитер орбитасында шамамен, 30 000 адамға арналған ғарыш станциясының жобасын ұсынды. Бұл жоба қатысушылар тарапынан үлкен қызығушылық тудырды.

– Біздің жобамыз – болашақтың автотомды ғарыш станциясының ғылыми тұжырымдамасы. Станция Юпитер орбитасында, оның серіктерінің арасында орналасып, ресурстар жинаумен айналысады. Өткен жылы біз NASA және Ұлттық ғарыш қоғамының қолдауымен жыл сайын өткізілетін халықаралық Space Settlement Contest байқауына қатысып, бірінші орын иелендік. Осы жеңістен кейін бізді АҚШ-тың Орlando қаласында өткен халықаралық конференцияға шақырды. Онда біз өз жобамызды NASA профессорлары мен қызметкерлерінің алдында тікелей таныстыру мүмкіндігіне ие болдық, – деді NASA байқауының жеңімпазы, Алматы қаласындағы химия-биология бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің 10-сынып оқушысы Анастасия Цой.

Кездесу қорытындысы бойынша қатысушылар осындай алаңдардың ғылымды дамыту, тәжірибе алмасу және болашақ көшбасшыларды қалыптастыру үшін аса маңызды екенін атап өтті.

СТУДЕНТТЕР КӨКТЕМІ

Алматыда таланттар жарысы басталды

Шаһарда дәстүрлі «Jas Gala» қалалық студенттік көктем фестивалінің ашылу салтанаты өтті. Биыл бесінші рет ұйымдастырылған шығармашылық байқау бір ай бойы жалғасады. Фестивальді Алматы қаласы Жастар саясаты басқармасының қолдауымен «Алматы студенттер Альянсы» корпоративтік қоры ұйымдастырып отыр.



Гүлжанат
СЕМБАЕВА

«Тәуелсіздік ұрпақтары» жобасы аясында өтетін көктем фестивалі университеттер арасындағы байланысты нығайтып, студент жастарды шығармашылық арқылы біріктіруге бағытталған. Сонымен қатар, байқау дарынды жастарды анықтап, олардың кәсіби тұрғыда дамуына қолдау көрсетуге, интеллектуалдық деңгейін арттыруға мүмкіндік береді.

Байқау бес бағыт бойынша өтеді: вокал, хореография, мобилография, аспаптық орындау және театр өнері. Екі кезеңнен тұрады. Алдымен университетшілік іріктеу ұйымдастырылып, үздік атанған қатысушылар қалалық кезеңде өз оқу орындарының намысын қорғайды. Фестивальге Алматы қаласындағы барлық жоғары оқу орнының студенттері қатыса алады.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, байқау аясында қала жастарына арналған шеберлік сабақтары мен мотивациялық кездесулер өткізу жоспарланған. Іріктеу кезеңдері 18 сәуірге дейін жалғасады, одан кейін жартылай финал, 26 сәуірде фестивальдің жабылу салтанаты өтеді. Сол күні байқаудың жеңімпаздары анықталып, марапатталады.

Дарындылар сайысының жалпы жүлде қоры – 7 500 000 теңге. Әр бағыт бойынша жеңімпаздарға 1 500 000 теңгеден сыйақы қарастырылған. Қатысушылардың өнерін мәдениет саласы-



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

ның майталмандары, танымал өнер жұлдыздары мен қоғам қайраткерлері бағалайды.

Алматы қаласы Жастар саясаты басқармасының Жастарды әлеуметтендіру және жастар бастамаларын қолдау бөлімінің басшысы Нұрсұлтан Бекқайыровтың айтуынша, фестиваль бес жыл ішінде жастар үшін ерекше маңызды бар мәдени алаңға айналып үлгерді.

«Jas gala» – шабыт пен шығармашылықтың байқауы. Жастар саясаты басқармасы қаламыздағы барлық жасқа, өнермен, спортпен, ғылыммен айналысатындарға, сондай-ақ жұмыссыз жүрген жастарға да әрдайым қолдау көрсетуге дайын. Соның дәлелі ретінде бесінші жыл қатарынан өткізіліп келе жатқан «Jas Gala» фестивалін айтуға болады. Жыл өткен сайын жоғары деңгейде ұйымдастырылып, жастар арасында үлкен сұранысқа ие екенін айта кеткен жөн. Биыл байқауға қатысу үшін 2700 өтінім түсіп, рекордтық көрсеткіш тіркелді. Әрине, бұл біз үшін де, шығармашыл жастар үшін де үлкен мәртебе деп санаймыз», – деді ол.



БОСТАНДЫҚ АУДАНЫ

Жайлы әрі қауіпсіз орта

68 аула мен 67 үйдің қасбеті жаңарады

Алматының ең іргелі Бостандық ауданында биыл инженерлік инфрақұрылымды жаңғыртатын ауқымды бағдарлама қолға алынды. Нақтырақ айтсақ, 99 шақырым сумен жабдықтайтын және су бұратын желілер салынып, 154 шақырым электр желісі жаңғыртылады. Жылу мен газ желісі де қайта жаңарып, оқыс оқиғаның алдын алуға бағытталған біраз жоба іске асқалы отыр.

Нұржамал
ӘЛІШ

Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте аудан әкімі Азамат Қалдыбеков осылай деді. Спикердің айтуынша, осы жылдың соңына дейін «Нұрлытау» ықшамауданында тәулігіне 9000 текше метр қуаттылығы бар су тартатын жүйе мен сорғы станциясы салынып бітеді. Биылғы екінші тоқсанда ұзындығы 99 шақырым болатын сумен жабдықтау мен су бұру-тарату желісінің құрылысы басталады. Оның 66 шақырымы – сумен жабдықтау, 33 шақырымы – су бұру желісі.

Жалпы құны 19 млрд. теңге болатын жоба 25 мыңнан астам тұрғынды орталақтанған желіге қоспақшы. Ал үшінші тоқсанда «Ақтөбе», «Бағанашыл» мен «Ерменсай» ықшамаудандарында тарату желісін салу жобасы бойынша мемлекеттік сараптама қорытындысын алу жоспарланып отыр.

Ауданда төтенше жағдайдың алдын алуға ерекше көңіл бөлінген. Алматы – Үлкен Алматы көлі автожолын нығайту мен қалпына келтіру, Жәңгір хан көшесіндегі су басу қаупі бар жерлерде сағатына 400 текше метр қуаттылығы бар кәріз сорғы станциясын салу, сондай-ақ «Көкшоқы» ықшамауданы мен «Алма» тұрғын үй кешенінде тұрақты сумен жабдықтауды қамтамасыз ету үшін тереңдігі 100-ден 400 метрге дейінгі ұңғыма қазу жоспарланған. Бұл жұмыстың барлығы жыл соңына дейін аяқталып қалады.

Жылумен жабдықтау саласында

биыл 10,9 шақырым жылу желісі мен бір сорғы станциясын қайта жаңғырту бойынша 18 жоба жүзеге асырылады.

Инвестициялық бағдарлама аясында 154 шақырым кабель желілері жаңғыртылады, бұл қазіргі 50%-дан асатын тозу деңгейін 25%-ға төмендетуге мүмкіндік бермек. Сондай-ақ, 5,2 шақырым жерасты мен жерүсті газ құбыры қайта жаңғыртылады, бұл жұмыс екінші тоқсанда басталады.

– Ауданда 52 аулаға күрделі, ал 16 аулаға ағымдағы жөндеу жұмысы жүргізіледі. Абаттандыру аясында 15 мың шаршы метр аулаішілік жол жөнделіп, балалар мен спорт алаңындағы 8 мың шаршы метр жабын жаңартылады. Сондай-ақ, 500 орындық пен қоқыс жәшігі орнатылады. Бұдан бөлек, ауданда 67 көпқабатты тұрғын үйдің қасбетін бірыңғай сәулеттік стильге келтіре отырып жаңарту мен кейін сәулеттік жарықтандыру орнату жоспарланған. Жалпы, 26 нысанға жарықтандыру жүйесі орнатылады.

Жыл басынан бері ауданда 4,3 мың шаршы метр жол жабыны жөнделген. Жылдың соңына дейін бұл көрсеткішті 40 мың шаршы метрге дейін жеткізбек. Сонымен қатар, ауданда 1 мыңнан астам люкті ауыстырып, ұзындығы 32 шақырым болатын 50 көшеде орташа жөндеу жұмысы жүргізіледі. Біздің міндетіміз – тұрғындар үшін барлық көше жайлы әрі қауіпсіз болатындай заманауи орта қалыптастыру, – дейді аудан басшысы.

НАУРЫЗБАЙ АУДАНЫ

Құрылыс қарқыны жоғары

Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте Наурызбай ауданының әкімі Назира Тоғызбаева 2026 жылдың I тоқсанындағы ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуының қорытындысын баяндады.

Аяжан
СЕРІКҚЫЗЫ

Аудан әкімінің айтуынша, Наурызбайда көше жарығын дамытуға ерекше көңіл бөлінуде. Қазіргі таңда аудан аумағының 95 пайызы жарықтандырылған. «Алма Сити-5» тұрғын үй кешенінде жүздеген жарық тірегі орнатылып, олардың басым бөлігі іске қосылған. Сонымен қатар, көгалдандыру мен абаттандыру жұмыстары да қарқын алған.

2026 жылы жалпы ұзындығы 12,4 шақырым болатын 12 көшені жаңартпақ. Қосымша тағы 33 көшені жаңарту жоспарланған. Сонымен қатар, 45 мың шаршы метр жол жөнделіп, 800-ге жуық люк ауыстырылады. Арық жүйелері де ішінара жаңғыртылмақ. Ірі жобалардың қатарында Абай даңғылы, Төле би және Жұбанов көшелерін ұзарту бар.

Инженерлік инфрақұрылым бағытында да ауқымды жұмыстар қолға алынған. Биыл ауданда 50 шақырым су құбыры мен 48 шақырым кәріз желісін салу жоспарланып отыр. Ірі жобалардың қатарында «Ақжар (3-кезек)» және «Тастыбұлақ» шағынауданындағы құрылыс жұмыстары бар.

– «Наурызбай ауданы қаладағы ең жас ауданның бірі. Аудан қарқынды дамып келеді, халық саны өсіп, тұрғын үй де қатар салынып жатыр. Осыған байланысты инженерлік инфрақұрылымға түсетін жүк-

теме де артты. Сондықтан тұрғындарды үздіксіз сумен қамтамасыз ету мәселесі басым бағыт болып қала бермек», – дейді Назира Тоғызбаева.

Әлеуметтік нысандар құрылысы да қарқынды. Биыл «Әлем Сити» тұрғын үй кешенінде 1200 орынды мектеп ашылды. Ауданда 168 балабақша жұмыс істейді, жыл соңына дейін тағы үш балабақша іске қосылады. Денсаулық сақтау саласында екі емхана салынып жатыр, ал «Ақжарда» отбасылық амбулаторияның құрылысы басталады. Сәбденов көшесінде спорт кешені бой көтеріп, «Шұғылада» өрт сөндіру депосы салынып жатыр. Әлеуметтік қолдау бағытында соңғы бес жылда 5,5 мыңнан астам пәтер берілді. Абаттандыру жұмыстары аясында 2,5 млрд. теңгеге 35 жоба жүзеге асырылып жатыр.

Биыл 38 аула жаңартылып, Тастыбұлақ өзені жағалауында 1,4 шақырымдық серуен аймағы салынады. Жалпы, қолға алынған жобалар ауданның инфрақұрылымын дамытып, тұрғындар үшін жайлы орта қалыптастыруға бағытталған.

ӘУЕЗОВ АУДАНЫ

Білім беру нысандары көбейеді

Өңірлік коммуникациялар қызметінде 2026 жылдың бірінші тоқсанының қорытындысына арналған баспасөз конференциясында Әуезов ауданының әкімі Абзал Егембердиев аудан ахуалын баяндады. Оның айтуынша, қазір аудан мектептерінде 59 мыңнан астам оқушы білім алып жатыр екен, орын тапшылығы 5 мыңнан асқан.

Гүлжанат
СЕМБАЕВА

«Ауданда 54 мектеп жұмыс істейді, оның 33-і мемлекеттік, 21-і жекеменшік. Онда 59 мыңнан астам бала оқиды. 5 мыңнан астам орын тапшылығы бар. Сондықтан ескі мектептің орнына жаңа ғимарат салып, жұмыс істеп тұрған мектептерге қосымша құрылыс салып жатырмыз. Бұл мәселені ішінара шешіп, орын тапшылығын шамамен 3 мыңға қысқартады», – деді әкім.

Ауданда бірден 7 жаңа мектеп ғимаратын салу жоспарланған. Қолданыстағы екі мектепке жапсарлас құрылыс жүргізіп, қосымша 700 оқушы орнын ашақ. Жандосов пен Саин көшесінің қиылысында тағы бір халықаралық үлкен жоба – Charterhouse Almaty мектебі салынып жатыр. Бұл театр, спорт залдары мен бассейні бар осы заманғы кам-

пус болады. Онда қазақстандық студенттерді ескере отырып британдық бағдарлама бойынша оқытпақшы.

Қазір ауданда 47 мемлекеттік және 104 жекеменшік балабақша жұмыс істейді. Дегенмен, шамамен, 6 мың орындай орын тапшылығы әлі де бар.

«Өткен жылы біз екі жаңа балабақшаны пайдалануға бердік. Қазір бірнеше нысанның құрылысы мен реконструкциясын жоспарлап отырмыз. Оның ішінде 120 орынды жаңа балабақшалар салу мен қолданыстағы ғимараттарды жаңарту жағы да бар. Бірнеше жоба бойынша құжат әзірленіп, қазір сараптамадан өтіп жатыр», – деп атап өтті аудан басшысы.

ЖЕТІСУ АУДАНЫ

Ауқымды жұмыстар жүріп жатыр

Биыл Алматының байырғы ауданының құрылғанына 90 жыл толып отыр. Дәл қазір ауданда «90 жылға – 90 шара» ауқымды акциясы асында жүйелі жұмыстар жүріп жатыр. Осынау мерейтойды аудан да табыспен қарсы алып, инвестиция көлемі 32%-ға өсіп, 40 млрд. теңгенің жобасы жүзеге асырылмақ.

Рая
ЕСКЕНДІР

Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен басқосуда аудан әкімі Ләззат Жылқыбаева ауданның табысы мен өзекті мәселелерді ортаға салды. Жетісу ауданы биыл үлкен инвестициялық жобаларды жүзеге асыруды жоспарлап отыр. «Бірінші тоқсан қорытындысы бойынша біз негізгі экономикалық көрсеткіштердің өскенін байқап отырмыз. Инвестиция 32%-ға артып, шамамен, 20 млрд. теңгеге жетті. Бұл инвесторлардың сенімі мен аудандағы іскерлік белсенділіктің жоғары екенін көрсетеді», – дейді Ләззат Әуезханқызы.

Сонымен қатар, аудандағы өндіріс көлемі 10%-ға артып, шамамен, 60 млрд. теңгеге жетсе, жалпы аумағы 20 мың шаршы метрден асатын үш шағын индустриялық парк іске қосылып, жұмыс істеліп жатыр. Экономикаға 35 мыңнан астам шағын және орта бизнес нысаны қосымша үлес қосып, салық түсімі 13%-ға өсіп, 100 млрд. теңгеге жеткен. Бүгінде 500-ден астам жаңа жұмыс орны құрылған.

Жыл соңына дейін 64 көшеде жалпы ұзындығы 67,8 шақырым болатын инженерлік желі салынады. Сонымен қатар, электрмен жабдықтау мәселесіне де ерекше назар аударылып, 29,3 шақырым электр желісін қайта жаңарту жоспарда тұр. Бұған қоса, сыртқы жарықтандыру жүйесін де дамыту жағы қолға алынды. Биыл 35 шақырым кабель желісі ауыстырылып, 107 жаңа тірек орнатылып, 3 мыңнан астам шамды ауыстырып, жаңартқалы отыр.

Осы жылы 52 көшеде жалпы ұзындығы 42 шақырым болатын жолға орташа жөндеу жүргізіліп, тротуар салынады. Та-

мыз айының соңына дейін 31 мың шаршы метр жол жабынын жөндеп, 5 мың метр техникалық тротуар салады. Бұл ретте ең алдымен, қауіпсіздік мәселесіне ерекше назар аударылды. Қазіргі таңда тиісті сала аудандағы біраз көше мен «Кемел» ықшамауданында көшкін қаупі бар жерлерге нығайту жұмыстарын жүргізіп жатыр.

Ауданда күн санап халық саны өскендіктен, оқушы орнының тапшылығы азаймай отыр. Осы мақсатта «Келешек мектептері» ұлттық жобасы аясында Боралдай көшесінде 1200 орынды №225 мектеп салынып бітеді. Сәтін салса, жаңа оқу жылында пайдалануға берілетін болады.

Биыл ауданда 12 гектардан астам қоғамдық кеңістік жаңартылып, «Халық қатысатын бюджет» аясында 25 жоба жүзеге асып, бірнеше үлкен инфрақұрылымдық нысандар салынып бітпекші. Жетісу ауданының аумағы шамамен, 4 мың гектар болса, оның ішінде 128 гектары жасыл қор. Осынау аумақта 5 саябақ, 56 алаңқай, 26 жаяу жүргінші мен жағалау аймағы, жалпы ауданы 27 гектар болатын 12 сай орналасқан.

Қазір Боралдай мен Жангелдин көшесінде орналасқан алаңқайларды абаттандырып жатыр. Жоба аясында 2,5 мың шаршы метр аумаққа гүл мен бұта егіп, 3 мың метр автоматты суару жүйесін орнатып, 2,5 шақырым тротуар салып, сондай-ақ 3 арт-нысан, 120 орынды пен 250 сыртқы жарық тірегін орналастыру жоспарланған. Жұмыс жылдың соңына дейін аяқталады.



Соңғы уақытта Алматыда сақшамен сатып алу сирек құбылысқа айналып, керісінше «бөліп төлеу», «0-0-12», «қазір ал, кейін төле» секілді ұсыныстар қалыпты жағдайға айналды. Банктер мен финтех-компаниялар бұл жүйені қарапайым әрі тиімді қаржы құралы ретінде ұсынады. Тауарды бірден алып, ақысын бірнеше айға бөліп төлеу көптеген адамдарға қолайлы көрінеді. Бірақ сарапшылар бұл жеңілдіктің астарында елеулі тәуекелдер жатқанын ескертеді.



Коллажды жасаған Нұрбосын ӨРІСҰЛЫ.

экономистер бөліп төлеудің шамадан тыс таралуын қоғам үшін алаңдатарлық құбылыс деп санайды. Өйткені, бұл жүйе адамдардың қаржылық тәртібін өзгертеді.

Бұрын адамдар ірі сатып алуға ұзақ уақыт ақша жинап, қажетті соманы алдын ала дайындауға тырысатын. Ал қазір сол затты бірден алып, кейін төлеуді қалыпты жағдай ретінде қабылдай бастады. Нәтижесінде үнемдеу мәдениеті әлсіреп, қарыз арқылы өмір сүру біртіндеп қалыпты нормаға айналып барады. Тіпті, бүгінгі күні шетелге саяхаттап, демалғысы келген адамдар үшін де туристік агенттіктер түрлі бөліп төлеу ұсыныстарын әзірлеп қойған.

Тағы бір маңызды мәселе бар, соңғы жылдары бөліп төлеу жүйесінің негізгі тұтынушылары 20–35 жас аралығындағы азаматтар екені байқалады. Бұл буын цифрлық сервистерге тез бейімделеді, ал онлайн рәсімделетін қаржы өнімдерін оңай пайдаланады. Бірақ дәл осы буынның қаржылық тәжірибесі әлі толық қалыптаспаған.

Аяжан СЕРІКҚЫЗЫ

«ҚАЗІР АЛ, КЕЙІН ТӨЛЕ»

Қаржыгерлерді алаңдатқан елеулі мәселе

Жаһанға жайылған «шырмауық»

Buy Now Pay Later (BNPL) деп аталатын бұл жүйе әлемдік қаржы нарығында да қарқынды дамыды. Экономистер мұны «Көмескі қарыз экономикасы» деп атайды. Мұндай қарқынды өсім қаржы реттеушілері үшін де жаңа тәуекелдер туғызды: біріншіден, халықтың қарыз жүктемесі білінбей өседі; екіншіден, тұтыну көлемінің жасанды түрде өсуі инфляциялық қысымды күшейтуі мүмкін.

Сарапшылар болжамынша, 2026–2031 жылдар аралығында BNPL нарығының орташа жылдық өсімі 14,7% деңгейінде сақталады. Бұл көрсеткіш бөліп төлеу жүйесінің әлемдік тұтыну моделін түбегейлі өзгертіп жатқанын көрсетеді. Яғни адамдар тауардың толық бағасына емес, ай сайын төлейтін шағын сомасына ғана назар аудара бастады. Нәтижесінде тұтыну мәдениеті өзгеріп, адамдар қарыз екенін толық сезінбей, сатып алуды көбейтіп жатыр.

Мұндай үрдіс экономистерді алаңдатып отыр. Себебі, бөліп төлеу жүйесінің басты ерекшелігі – қарыздың «жасырын» сипаты. Дәстүрлі несие рәсімдеген кезде адам оның пайызын, мерзімін және жалпы сомасын анық түсінеді. Ал бөліп төлеуде бұл түсінік әлсірейді. Тіпті, көптеген тұтынушылар бірнеше бөліп төлеуді қатар рәсімдейді. Әрқайсысының ай сайынғы төлемі аз болғандықтан, жалпы қарыз көлемі байқалмай өсіп кетеді.

Қазақстанда да қалыс қалған жоқ

Бұл үрдіс Қазақстанда да айқын байқалады. Халықаралық қаржы ұйымдарының мәліметіне сәйкес, елде соңғы жылдары тұтынушылық қарыз айтарлықтай өскен. 2019 жылдан 2023 жылдың ортасына дейін үй шаруашылықтарының тұтынушылық кредит бойынша қарызы 112 пайызға артқан. Қарыз алушылар саны 50 пайызға көбейіп, бір адамға шаққандағы орташа қарыз 780 мың теңгеден 1,2 миллион теңгеге дейін өскен. Бұл көрсеткіштер халықтың қаржы мінез-құлқы түбегейлі өзгеріп жатқанын көрсетеді.

Соңғы бір жылда қазақстандықтардың несиені өтеуге жұмсайтын шығыны тағы да артқан. Егер 2024 жылдың үшінші тоқсанында бұл көрсеткіш 6,3 пайыз болса, 2025 жылдың үшінші тоқсанында ол 6,5 пайызға жеткен. Бір қарағанда айырмашылық үлкен емес сияқты көрінуі мүмкін. Алайда, бұл көрсеткішті басқа елдермен салыстырғанда, Қазақстандағы қарыз жүктемесінің өзіндік ерекшелігі байқалады.

Дамыған елдерде несие портфелінің негізгі бөлігін ипотекалық қарыздар құрайды. Яғни азаматтар несие алып, тұрғын үй сатып алады. Бұл – ұзақ мерзімді инвестиция және отбасының қаржылық тұрақтылығына әсер ететін маңызды актив. Ал Қазақстанда тұтынушылық несиелердің басым бөлігі күнделікті қажеттіліктерге немесе қысқа мерзімді тұтынуға

жұмсалады. Тұрмыстық техника, смартфон, киім-кешек, демалыс немесе той шығындары – мұның барлығы несие мен бөліп төлеу арқылы алынатын тауарлар мен қызметтердің тізіміне кіреді.

Өтімді жүйе, өзгерген құндылық

Қарыздың экономикалық әсері де әртүрлі. Егер несие активке – яғни баспана немесе бизнеске салынса, ол ұзақ мерзімде табыс әкелуі мүмкін. Ал тұтынуға жұмсалған қарыз экономикалық өсімге қысқа мерзімде әсер еткенімен, жеке адамның қаржылық тұрақтылығына айтарлықтай пайда әкелмейді. Сондықтан көптеген

Иә, бөліп төлеуді бірден зиянды қаржылық құрал дей алмаймыз. Дұрыс пайдаланылып жатқанында. Егер қоғамда қаржылық жауапкершілік қалыптаспаса, «қазір ал, кейін төле» қағидасы біртіндеп «қазір ал, кейін қинал» формуласына айналуы ғажап емес. Ал бұл жағдайда ол жеңілдететін құрал емес, керісінше болашақ қаржылық мүмкіндігін шектейтін факторға айналуы мүмкін.

Сондықтан басты мәселе бөліп төлеудің бар-жоғында емес, оның қалай қолданылып жатқанында. Егер қоғамда қаржылық жауапкершілік қалыптаспаса, «қазір ал, кейін төле» қағидасы біртіндеп «қазір ал, кейін қинал» формуласына айналуы ғажап емес. Ал бұл жағдайда ол жеңілдететін құрал емес, керісінше болашақ қаржылық мүмкіндігін шектейтін факторға айналуы мүмкін.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Ләззат ЖАНМОЛДАЕВА,
экономист сарапшы:

Бөліп төлеу – қос қырлы құрал

Оң әсерін айтатын болсақ, бөліп төлеу сауданың 25-тен 50 пайызға дейін өсуіне мүмкіндік береді. Әсіресе, шағын және орта бизнеске үлкен қолдау көрсетеді. Ал теріс әсеріне келсек, ол халықтың қаржылық жүктемесін арттырады. Елімізде 50 пайыздан астам отбасылар табысының жартысын қарыз төлеуге жұмсайды. Тұтыну несиелері жалпы ішкі өнімнен де жылдам өсіп отыр. Яғни бұл – жасырын инфляцияның белгісі, ал болашақта төлем қиындықтарын туындатуы мүмкін.

Қазіргі таңда Kaspi.kz негізгі транзакциялар бойынша еліміздегі нарықтың көшбасшысы деуге болады. Сарапшылардың бағалауынша, ол нарықтың шамамен, 85 пайызын бақылайды. Мысалы, өткен жылы компанияның пайдасы 1,2 триллион теңгеге жеткен. Яғни нарықтың басым бөлігі осы компанияның қолында, дейді сарапшы.

Мұрат ТОЛҚЫНБАЙ,
қаржыгер:

Қаржылық жоспар құру керек

Бұл құралды табыс көзі емес, міндеттеме ретінде қабылдау маңызды. Көп жағдайда адамдар оны «жеңіл ақша» сияқты көріп, шынайы қарыз екенін ескермей жатады. Негізгі мәселе – төлемдердің «көзге көрінбеуі». Яғни адам бір үлкен сома емес, ұсақ-ұсақ төлемдер жасап жүргендіктен, жалпы қанша қарыз алғанын аңғармай қалады. Соның салдарынан жеке бюджет бұзылып, қаржылық тұрақтылық әлсірейді. Сондықтан мұндай қызметтерді тек нақты қажеттілік болғанда ғана пайдаланып, әр төлемді жеке емес, жалпы міндеттеме ретінде қарастыру қажет. Ең дұрысы, алдымен қаржылық жоспар құрып, содан кейін ғана шешім қабылдау.



Сурет: ЖИ.



«Шалқардың» алпыс асуы



Ұлттың үнбаяғына баланған «Шалқар» радиосына биыл 60 жыл толып отыр. Осыған орай Алматыдағы ҚР Ұлттық кітапханасында мерейтойлық іс-шара өтіп, алпыс жылдық тарихы парақталған «Ұлттың үнбаяғы» атты жаңа кітап көпшілікке таныстырылды.

Мерейтойлық іс-шараға ҚР Президентінің кеңесшісі Мәлік Отарбаев, ҚР Мәдениет және ақпарат бірінші вице-министрі Қанат Ысқақов, «Қазақстан» РТРК» АҚ Басқарма төрағасы Ернұр Бурахан, «Шалқар» радиосының ардагерлері мен қызметкерлері, зиялы қауым өкілдері қатысты.

Салтанатты жиынды ашқан ҚР Президентінің кеңесшісі Мәлік Отарбаев Мемлекет басшысының ыстық ықыласын жеткізіп, радионың дамуына үлес қосқан ардагерлер мен қызметкерлерді «Алғыс хат» және Құрмет грамоталарымен марапаттады.

Ал ҚР Мәдениет және ақпарат бірінші вице-министрі Қанат Ысқақов Мемлекеттік кеңесші Ерлан Қариннің, Премьер-министр Олжас Бектеновтің және ҚР Премьер-министрінің орынбасары – Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаеваның арнайы құттықтауларын жеткізді. Вице-министр сөзінде «Шалқар» радиосы қазір еліміздің 75 пайыз аумағына эфир таратып отырғанын, алдағы уақытта министрлік еліміздің 95 пайыз аумағына жеткізуді мақсат етіп отырғанын мәлімдеді. Бұған қоса, Қанат Ысқақов радио саласында еңбек сіңірген бірқатар ардагерлер мен қызметкерлерді ведомстволық наградалармен марапаттады.



Ал тағы бір топ әріптесіміз Қазақстан Журналистер одағының төрағасы Сейітқазы Матаевтың атынан Құрмет грамоталарымен марапатталды. Салтанатты іс-шарада «Шалқар» бағдарламасының қалыптасу кезеңінде Мифтах Жанткин, Едіге Әбдіғаларов, Таңатқан Рсаев, Бек Дәулетбаев, Уақап Қыдырханұлы, Зәмзам-Шариф Тарғақов, Мансұр Сағатов, Кенжебек Есімов, Мадрид Рысбеков, Сәрсен Оспанов, Дулат Исабеков, Досан Жанботаев, Жеңіс Қашқынов, Нұрсұлтан Әлімқұлов, Кеңесжан Шалқаров, Руслана Құдайбергенова сынды ардагер мамандардың еңбегінің зор екені айрықша аталып өтті.

Қазақтың тұңғыш радио дикторы, Қазақ радиосының ардагері, КСРО-ның Құрметті радисі, Қазақ КСР-нің еңбек

сіңірген мәдениет қызметкері Мина Сейітова атындағы дикторлар байқауы жарияланды. Бұл байқауға «Ғабиден Құлахмет атындағы қоғамдық қор» демеушілігімен өтпек. Жақында ғана Алматыдағы «Радио үйі» ғимаратында аталмыш қор жағынан толық жөндеуден өткен студияға қазақтың тұңғыш радио дикторы Мина Сейітованың есімі берілген болатын. Қазір тікелей эфир хабарлары осы студиядан әуе толқынына тарап жатыр.

Бүгінгі таңда «Шалқар» радиосы күніне 18 сағат хабар таратып, түрлі бағдарламаларымен тыңдарманын қуантып келеді. Мерейтойлық іс-шара барысында «Шалқар» радиосында әр жылдары еңбек еткен ардагерлер мен қонақтар естеліктерімен бөлісіп, әсерлі кештің куәсі болды.



«ЦИФРЛЫҚ НАУРЫЗ»

ҚазҰУ мерекені ерекше атап өтті

Қазақ білімінің қарашаңырағы, Қғасырға жуық тарихы бар әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Ұлыстың ұлы күнін ерекше атап өтті. «Әз-Наурыз – тазару, жаңару бастауы» атты мерекелік іс-шара заманауи трендтер мен ұлттық құндылықтар тоғысып, кең көлемде тойланды.

Оқу ордасының әл-Фараби алаңында өткен мерекеге мемлекет және қоғам қайраткерлері, белгілі ғалымдар, дипломаттар, БАҚ өкілдері, оқу ордасының түлектері, оқытушы-профессорлық құрамы мен студент жастар қатысты. Университет қалашығында 20-ға жуық киіз үй тігіліп, эт-

ноауыл бой көтерді. Осынау керемет көрініс қонақтарға қуаныш сыйлап, қазақ халқының қонақжайлылығы мен мәдениетіне тәнті етті.

ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев жиналғандарды мерекемен құттықтап, мерекелік іс-шараның мәніне тоқталды:

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев: «Әз-Наурыз – тазару, жаңару уақыты. Тазалық – бұл, ең алдымен, ой тазалығы, сана мен ниет тазалығы. «Таза Қазақстан» бастамасы – мемлекетіміздің мызғымас идеологиясы, ұлт болмысының ажырамас бөлігі болуға тиіс» деп атап өткен болатын. Біз үшін бұл тек қоршаған орта емес, ең алдымен – сана мен ниетті тазалығы, Отанға деген адалдық. Сондықтан биылғы тойымыз «Цифрлық Наурыз» форматында жаңаша кейіпте өтуде, – деді Жансейіт Қансейітұлы.

Мерекенің ашылуында Алматы қаласы әкімінің орынбасары Абзал Нүкенов арнайы қатысып, құттықтау сөзін арнады:

– ҚазҰУ – тек білім ордасы емес, ұлттық рухтың киелі шаңырағы. Бүгінгі «Таза Қазақстан» идеясымен үндескен мереке шаһардың мәдени өміріне ерекше серпін береді, – деді Абзал Нүкенұлы.

Университет ректоры «Цифрлық Наурыз» тренді арқылы ата-баба дәстүрінің заманауи технологиялар тілінде сөйлегенін, қайырымдылық жәрмеңкелері мен ұлттық спортты насихаттау шаралары шетелдік студенттер үшін қазақ мәдениетінің бай мұрасын тануға үлкен мүмкіндік болғанын айтты. Сонымен қатар, факультеттер мен кафедралар арасында ұйымдастырылған «Таза кампус» жобасының маңыздылығын атап өтіп, бұл бастама білім ордасын гүлдендірумен қатар, жастарды бірлік пен отансүйгіштікке тәрбие-

легенін тілге тиек етті. Іс-шара аясында «Таза кампус» жобасының үздік номинация иегерлері марапатталды.

Мерекелік концерт барысында «Наурыз-думан» вокалдык-хореографиялық композициясы ұсынылды. Студенттер мен оқытушылар халық әндерінен попури орындап, көпшіліктің ықыласына бөленді. Әсіресе, 100-ден астам өнерпаз қатысқан «Үш алыптың аманаты» атты поэзиялық қойылым Наурыздың рухын тереңдігін көрсетті.

Қонақтар этноауылды аралау барысында тұсаукесер, қыз ұзату және беташар сынды театрландырылған салт-дәстүрлерді тамашалап, мерекелік дастарханнан дәм татты. Бұл күні университетте білім алып жатқан жеті мыңнан астам шетелдік жастар қазақ халқының тарихымен, салт-дәстүрімен тереңірек танысты.

Бетті әзірлеген Рая ЕСКЕНДІР.



ҒҰЛАМА РУХЫНА ТАҒЗЫМ

Қаныш Сәтбаев ескерткішіне гүл шоқтары қойылды

Алматыда «Satbayev International Conference 2026: Климаттың өзгеруіне бейімделу және оның салдарын жұмсартуға арналған технологиялар мен инновациялар» атты конференция өтті.



Досбол
АТАЖАН

Ғылым қызметкерлері күніне және көрнекті академик Қаныш Сәтбаевтың туған күніне орайластырылған форум Қазақстанның энергетикалық және экологиялық қауіпсіздігінің болашағын талқылайтын маңызды алаңға айналды.

Салтанатты іс-шара Қаныш Сәтбаев ескерткішіне гүл шоқтарын қою рәсімінен басталды. Жиын ашылуында сөз сөйлеген Алматы қаласы әкімінің орынбасары Абзал Нүкенов бүгінде ғылым теория ғана емес, қаланы дамытудың басты құралына айналып отырғанын атап өтті.

– Алматы еліміздің ең ірі ғылыми-білім беру және инновациялық орталығы ретінде танымал. Ғалымдарымыздың халықаралық деңгейдегі жетістіктері бүкіл Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуына тікелей әсер етеді. Қолданбалы ғылымды қолдау мақсатында әкімдік тарапынан 348 млн. теңгеге грант бөлінді. Сонымен қатар, қала әкімдігі инновациялық идеяларды жүзеге асыруға жағдай жасай отырып, ғылым мен білім саласына

алдағы уақытта да жан-жақты қолдау көрсетуге ниетті, – деді Абзал Нүкенов.

Форумның басты оқиғаларының бірі Satbayev University-дегі жаңа қуат көздерінің таныстырылымы болды. Әсіресе, «Жерасты суларын модельдеу» зертханасы көпшіліктің назарын аударды. Геология және мұнай-газ ісі институтының директоры Ерғали Әуелхан цифрлық технологиялардың қаланы ресурстармен қамтамасыз етуге және экологияны қорғауға қалай көмектесетінін айтып берді.

– Модельдеу ұзақ мерзімді болжам жасау үшін қажет. Егер біз су қорын 25 жылға бекітсек, күнделікті су алу кезінде оның деңгейі қалай өзгеретінін түсіну үшін дәл осы мерзімге 3D математикалық модель құрамыз, – деп түсіндірді ғалым.

Еліміздің ірі өндіріс алпауыттарының қолдауымен ашылған жаңа зертханалар, сондай-ақ әкімдіктің қолданбалы гранттары Алматының «ақылды» және климаттық сын-қатерлерге төзімді мегаполиске айналуына берік негіз қалайды. Жалпы, Қазақстанда мемлекеттік деңгейде ғылымды жүйелі қолдауға ерекше көңіл бөлініп отыр. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев атап өткендей, «ғылымды дамыту – мемлекеттің стратегиялық басымдығы әрі бәсекеге қабілеттілігінің негізі». Бұл принциптер жаңартылған Конституцияда да көрініс тауып, онда ғылыми әлеуетті қолдау және ғылымды елдің тұрақты дамуының негізгі факторы ретінде дамыту үшін жағдай жасау туралы ережелер бекітілген.

АКАДЕМИКТЕР АҒАШ ОТЫРҒЫЗДЫ

Ғылым күні қарсаңында табиғатты қорғау мен ғылыми қауымдастықты біріктіруге бағытталған ерекше экологиялық іс-шара өтті. Қалалық Қоғамдық даму орталығы мен ҚР Ұлттық Ғылым академиясы бірлесіп ұйымдастырған «Ғылым аллеясы» акциясы аясында Ғылым ордасының аумағында ағаш көшеттері отырғызылды.



Аяжан
ҚУАНЫШОВА

Іс-шараға Алматы қаласы әкімінің орынбасары Абзал Нүкеновты қатысып, бастаманың маңызына ерекше тоқталды. Сонымен қатар, акцияға жас ғалымдар, Ұлттық Ғылым академиясының мүшелері, қоғам белсенділері, сондай-ақ білім және ғылым саласының өкілдері атсалысып өз үлестерін қосты.

Іс-шараның негізгі мақсаты – қоғамда экологиялық мәдениетті қалыптастыру, қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарау дағдысын арттыру және ғылым мен қоғам арасындағы байланысты нығайту. Акция барысында қатысушылар тек ағаш отырғызып қана қоймай, табиғатты қорғаудың маңызы туралы танымдық дәріске де қатысты.

Іс-шараның маңызы туралы Алматы қаласындағы Азаматтық альянс төрағасы Қайыржан Әбдіхалықов атап өтті:

– «Ғылым күні қарсаңында ұйымдастырылған бұл акцияның мәні ерекше. Біз бүгін Ғылым академиясының аумағында ағаш отырғызып, «Ғылым аллеясының» негізін қаладық. Бұл бастама «Таза Қазақстан» құндылықтарымен үндесіп жатыр. Қазіргі таңда экологиялық жауапкершілік пен ғылымның рөлі артып келеді. Осындай іс-шаралар арқылы біз қоғамда



Суреттерді түсіріп: Қайыржан ҚОНЫСБАЕВ

табиғатқа жанашырлық пен ғылымға деген құрметті қатар қалыптастырамыз».

Өз кезегінде Философия, саясаттану және дінтану институты жанындағы Зияткерлер орталығының жетекшісі Алмасбек Дүйсенбекұлы бұл акцияның тәрбиелік мәніне тоқталды:

– «Бұл іс-шараның қоғам үшін маңызы зор. Ағаш отырғызу – табиғатты қорғаудың нақты көрінісі. «Атадан мал қалғаншы, тал қалсын» деген нақыл сөздің мәні осындай сәттерде айқын сезіледі. Ғалымдар мен қоғамдық ұйымдардың бірлесіп атқарған жұмысы кейінгі ұрпаққа үлгі. Мұндай бастамалар жастардың табиғатқа деген құрметін арттыруға ықпал етеді», – деді.

Көшеттер арнайы мамандардың, соның ішінде ландшафт дизайнерлердің ұсынымдары негізінде отырғызылып, болашақта бұл аумақ «Ғылым аллеясы» ретінде қалыптасатын болады.

Қазақстанда Ғылым қызметкерлері күніне орай арнайы іс-шара ұйымдастырылып, отандық ғылымның дамуына үлес қосып жүрген ғалымдар бас қосты. Салтанатты жиында марапат иелері де анықталды. Іс-шара аясында ҚР Президентінің 2026 жылғы 16 наурыздағы Жарлығы негізінде Айнұр Сәбитова жоғары мемлекеттік награда – «Парасат» орденімен марапатталды. Құрмет белгісін Алматы қаласы әкімінің орынбасары Абзал Нүкенов салтанатты түрде табыстады.

ҒАЛЫМДАР ҚҰРМЕТ ТӨРІНДЕ



Аяжан
ҚУАНЫШОВА

Жиында алғашқы құттықтау сөз ҚР Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбектің атынан оқылды. Министрдің құттықтауын ҚР Ғылым және жоғары білім вице-министрі Талғат Ешенқұлов жеткізді. Құттықтау мәтінінде ғылым саласының елдің зияткерлік әлеуетін айқындайтын, болашақтың берік іргетасын қалайтын маңызды бағыт екені атап өтілді. Сондай-ақ, мұндай салтанатты басқосулар ғылымға көрсетіліп отырған мемлекеттік қолдаудың айқын көрінісі екені де айтылды.

Салтанатты жиында Алматы қаласы әкімінің орынбасары Абзал Нүкеновты сөз сөйлеп, ғылымның қоғам дамуындағы орнына ерекше тоқталды.

– Алматы қаласы әкімдігінің атынан сіздерді Ғылым күнімен құттықтаймын. Ғылым – қашан да ілгерілеудің қозғаушы күші, жаңа идеялар мен технологиялардың қайнар көзі, қоғамның тұрақты дамуының берік негізі. Алматы қаласында 35 жоғары оқу орны, 131 ғылым-зерттеу институты және ғылым саласында қызмет ететін 142 кәсіпорын жұмыс істейді. Бұл – қаланың экономикасы мен инновациялық дамуына елеулі үлес қосып отырған қуатты зияткерлік әлеует. Осыған байланысты қала әкімдігі ғылымды қолдаудың заманауи жүйесін жүйелі түрде қалыптастырып келеді.



Алдағы уақытта қала дамуына қажетті бағыттар бойынша ғылыми жобаларды гранттық қаржыландыру жұмыстары басталады. Біз екі негізгі бағытта жұмыс істейтін боламыз. Біріншісі – Мемлекет басшысының бастамасымен жүзеге асырылып жатқан ғылымды дамыту шараларында ешқандай кемсітушілікке жол бермеу, яғни әрбір қадамды нақты әрі әділ жүзеге асыру. Екіншісі – ғылыми жобаларды гранттық қаржыландыруды нақты нәтижеге бағыттау, – деді ол.

Іс-шара ғылым мен қоғам арасындағы байланысты нығайтып, ғалымдар еңбегіне деген құрметті арттырған маңызды алаңға айналды. Сонымен қатар, жиын отандық ғылымның дамуына серпін беріп, жас зерттеушілерге жігер сыйлады.

Біздің бүгінгі мәртебелі мейман – Мақсұт Әбуұлы ТЕМІРБАЕВ. Белгілі стоматолог-ортопед, Қазақстан стоматологиясының негізін қалаған академик, медицина ғылымдарының докторы, профессор, бірнеше буынды тәрбиелеп шыққан ғалым-педагог. «Ерен еңбегі үшін» медалінің және «Құрмет» орденінің иегері.

Мақсұт ТЕМІРБАЕВ, академик:



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

«ӨМІРДІҢ МӘНІ – ІЗ ҚАЛДЫРУ»

Нұржамал ӘЛІШ

Иә, оның ел стоматологиясындағы рөлі ерекше. Қазақстан стоматологиялық қауымдастығының (ҚСҚ) негізін қалаушы және алғашқы президенті. Отандық стоматологтардың басын біріктіріп, осы саланы халықаралық деңгейге шығаруға, жаһандық биікке көтеруге атсалысқан. Қазақстанның Германия, Корея, Франция, Қытай және басқа алпауыт мемлекеттердегі халықаралық стоматологиялық конгрестерге қатысуына мұрындық болған. Дүниежүзілік стоматологтар федерациясының (FDI) Еуропалық аймақтық ұйымының академигі сонау Кеңес дәуірінде тыңнан түрен салып, елімізде Ортопедиялық стоматология кафедрасын ұйымдастырған. КСРО және Қазақстанның Денсаулық сақтау ісінің үздігі. Бүгінде Алматы қаласындағы «Алмагест» стоматологиялық орталығының директоры. «Қазақстан стоматологиясының корифейі» деп танылған тұлғаның өмір жолымен бұдан да жақынырақ танысып көрейік.

Әке тағылымы

Ол көпбалалы отбасында дүниеге келді. Анасы Қымбат он төрт құрсақ көтерген екен. Мақсұт Әбуұлы – үйдің бесіншісі, соғыс аяқталған жылдары туған. Қостанай облысының шалғай ауылынан түлеген зерделі бала соғыстан кейін тұралап қалған тірлігі жадау елдімекеннің ешбір тірлігінен қашпады. Әкесінің бір жағына шығысып, қолқанат бола білді.

Жасынан білімге зерек Мақсұт мектепке ерте барып, жоғары оқу орнына 16 жасында түскен. Медицина институтын үздік бітірген жас маман бірден елге тартты. Ұлының бойындағы білім-ғылымға деген ынты-ықпалысты байқап жүрген көшелі әке:

– Балам, бізді асыраймын деп алаңдама, сенің орның өркеніет, қала. Бар айтарым – атқарар жұмысың, жүрген жерің, қолың, жүрегің әрдайым таза болсын! Өмір жолың әркез даңғыл бола қоймас, бірақ мейірімді жүрегіңе, адамдығыңа сенемін, – деп батасын берген болатын.

Мақсұт әкесін ерекше жақсы көрген секілді. Бұл ықылас-пейілін сұхбат барысында әке туралы айтқанда, жанары нұрланып сала беретін нәм балаша мұңайып қалатын бейнесінен, жанарына сәт сайын тұнып қалар мөлдір жасынан байқап отырдық.

Әкесі Әбу Темірбаев 1916 жылы 8 жасында жетім қалыпты. Анығында, атасы сол кездегі Амангелді батырдың көтерілісінде шейіт болған. Тарқатып айтса, бұл-дағы ел тарихымен астасып жатқан өзінше бір шежірелі әңгіме. Аталары әйгілі Марал ишанмен бір атадан тараған, ишан ауылымен Сыр өңірінде бірге жасасыпты. Әкесі Әбу де сол өңірінде дүниеге келген екен. Әкеден жастай жетім қалса да, еті тірі болғандықтан өмірдің

ыстық-суығында ерте есейіп, ерте шыңдалып өскен.

Әбу Темірбаев Ұлы Отан соғысына бастан-аяқ қатысқан, майданның тек алғы шебінде жүрген, ержүрек барлаушы болған. Соғыстан оралған соң Қарабалық астық совхозының №2 бөлімшесінің бастығы қызметіне тағайындалады. Соғысқа дейін, дәлірек айтсақ, 30 жасында Қарабалық ет-сүт совхозын құрып, аяқтан тұрғызған іскер азамат жаңа қызметті ұршықша иіріп әкетті. 18 жыл басқарған совхозында ауыл еңбеккерлерінің әлеуметтік жағдайын көтерді, оларды ет, сүт, бақша өнімдерінен таршылық көрмеуіне еңбек сіңірді. Ауылдағы ауылшаруашылық, шабындық, жайылымдық жерлердің көлемін ұлғайтты.

Елге сіңірген ерен еңбек

Іскер әкенің өнегесін көрген ұлдың жаман болуға хақысы жоқ еді. Мақсұт Әбуұлы Алматы мединститутын үздік аяқтап, Ленинград аспирантурасына түсіп, небәрі 26 жасында кандидаттығын, 1990 жылы Мәскеуде докторлығын қорғап, ғылымға түбегейлі кіріседі. Оның мақсатқа толы өмір жолында кілең жақсы жандар жолықты. Институт қабырғасында Шәкенов, Қарынбаев сынды ұлағатты ұстаздарының алдын көрді. Отандық стоматологияны дамытуға деген құлшынысын да ұштай түскен сол тұлғалар еді. Анығында, қауымдастық құру идеясы сол ертерек басталған-ды. Дегенмен, ойға алған мақсат Тәуелсіздік таңынан соң жүзеге асып, 1991 жылы қалалық қауымдастық негізінде Қазақстан стоматологтар қауымдастығын құрады.

Мақсұт Әбуұлы 1995 жылы Германияның Тюбинген қаласындағы Карл Эберхард атындағы медицина университетінің стипендианты атанып, екі ай іс-тәжірибеден өтуге барады. Сонда жүріп біздің елге мүлдем беймәлім брекет, имплантация, жаңа протездер технологиясының қыр-сырымен танысады. Тюбинген университетімен ынтымақтастық орнатып, әлемге танымал Хайнер Вебер деген профессорын Алматыға шақыра келеді. Бұнымен қатар АҚШ-тан осы саладағы әйгілі ғалым, профессоры Евгений Иоффе те келіп, өзінің ұшан-теңіз білімімен бөліседі. Шетелдегі осындай білікті ғалымдардың стоматолог-дәрігерлерге, студенттерге дәріс оқып, жаңа тәсілдерді үйретуі шын мәнінде отандық стоматологиядағы үлкен төңкеріспен тең еді. Кейін осы ғалымдармен әріптестік өмірлік жолдастық жақын достыққа ұласады. Әсіресе, профессор Хайнер Вебермен достық қарым-қатынас күні бүгінге дейін жағасып келеді. Сол кездегі Мақсұт Темірбаевтың осындай қызметі аяғынан енді ғана тәй-тәй басып келе жатқан Қазақстанның Дүниежүзілік стоматологтар қауымдастығына толыққанды мүше болуына жол салып берді.

Сөйтіп, 1995 жылы аталған қауымдастықтың Лондондағы штаб-пәтеріне ұсыныс

жіберіп, отандық ғалымдарымыздың тілегі бірден мақұлданады. Келер жылы біздің елден бес адам Кореяның Сеул қаласындағы Дүниежүзілік стоматологтар қауымдастығының 85-ші халықаралық жиынына жол салды. Сол жылы Корея төрінде біздің елдің де Көк байрағы халықаралық ұйымға мүше 150 мемлекеттің туларымен бірге терезесі тең тұрып көкке көтерілген сәтті Мақсұт Әбуұлы ешқашан ұмытпайды.

Қазақстанның Дүниежүзілік стоматологтар қауымдастығына мүше болуы бізге көп жетістік әкелді. Ал Мақсұт Әбуұлының Дүниежүзілік стоматологтар қауымдастығының президенттері Тцурумаки (Жапония), Ли (Корея), Монней (Франция) мырзалармен жақыннан танысуы еліміз үшін үлкен бедел болды.

Мақсұт Әбуұлы бұл салада жаңашылдыққа бет бұрып, докторлық диссертациясында ауыздың иммундық жүйесін молекулалық деңгейде зерттеді. Алмалы-салмалы тіс протезін жасау жаңалығын енгізді. Әрі бұрын ем-жолы болмаған балалардың қиысқ тісін түзету тәсілін елімізде алғаш жасады. Шведтік И.Бранемарк деген ғалым ойлап тапқан жасанды тіс түбірі арқылы сау тісі қалмаған жандарға да протез орнату тәсілін де алғаш отандық стоматология саласында енгізген еді.

Бабалар мен батырлар ізі

Айтулы азамат ғылыммен қатар, қоғамдық жұмыстармен де белсенді атсалысты. Әсіресе, «Ер Жәнібек» халықаралық қоғамдық қорының президенті болған жылдары оның азаматтық келбеті айқындала түскендей. Қоғамдық қордың жетекшісі ретінде Мақсұт Темірбаев Жәнібек батырдың 300 жылдық мерейтойының халықаралық деңгейде атап өтілуіне мұрындық болды.

Мерейтойлық шаралар жоғары оқу орындарында, мәдениет ошақтарында патриоттық-мәдени іс-шаралар өткізілді. Тарихи тұлғаға қатысты ғылыми еңбектер, әдеби шығармалар, анықтамалық-библиографиялық ғылыми жинақ басылып шықты. Оған қоса көпшілік аудиторияға арналған деректі фильмдер де түсірілді. Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының сол кездегі Төралқа төрағасының орынбасары Талғат Мамашевтің де қолдау көрсетуімен, сондай-ақ Еуропа қазақтар қауымдастығымен (ФЕКА) бірлесе отырып, Еуропа қалаларында да спорттық-мәдени іс-шара өткізілді.

Мақсұт Әбуұлының жетекшілігімен халықаралық қор өзге де тарихи тұлғаларды танытуға зор үлес қосты. Алаш қайраткерлерінің еңбектерін насихаттау, көпшілік аудиторияға жеткізуге де елеулі ықпал етті. Осыдан кейін Мақсұт Темірбаев қор тізгінін ізетті інілерге, жалынды жастарға ұстатты. Ал өзі барлық игі іске үнемі тілекші болып, қажет тұсында ақыл-кеңесін айтып отырады.

ЖЕТІ СҰРАҚ

Уақыттың қадірін білгейсіз

1. Мақсұт Әбуұлы, сізге адамның қандай қасиеті бағалы?

– Адам қандай биікке шықса да, қарапайымдылығын жоғалтпауы керек. Білімі мен адамгершілігі қатар ұштасқан адам ғана толыққанды қалыптасады. Екінші бір түйгенім: балаға ақылды бол, дана бол деп құрғақ сөзбен емес, өз ісіңізбен, жүріс-тұрысыңызбен үлгі болған абзал. Балаларымның ұялтқан жері жоқ, олар – менің өмірімдегі ең үлкен табысым.

2. Бала демекші, бүгінгі жастарға қандай кеңес айтар едіңіз?

– Уақыттың қадірін біліңіздер. Білім алудан жалықпаңыздар деймін. Және қандай мамандық таңдасаңыздар да, оны шынайы жүрекпен қалаңыздар. Сонда ғана табысты боласыздар. Қазір жасанды интеллект дәуірі келді деп жатырмыз, оның да стоматология саласына енгізер жаңалығы болары сөзсіз.

3. Табиғатпен байланыс сіз үшін қаншалықты маңызды?

– Табиғат – адамның рухани тынысы. Таза ауада серуендегенді жақсы көремін. Таңғы сағат бесте тұрып аламын да, трамплинмен көтерілемін. Ашық аспан астында екі сағаттай жүремін. Менің негізгі қағидам – көп қимылдау, жаяу жүру. Тыныштықта табиғатпен сырласу адамға күш береді, ойды тазартады.

4. Байлықты немен өлшейсіз?

– Ішкі дүниеңіз бай болатын болса, нағыз байлық сол. Мысалы, мен әулім үй салған адам емеспін. Есесіне, көп кітап жидым. Әр кітабымның парақтарында белгі бар, аша салып оқи қоямын мағыналы афоризмдерді. Әрбір нақыл сөз бір адамның жүріп өткен өмір жолының тұжырымы іспетті. Философиялық кітаптарды жаным сүйеді. Маған достарым көбіне кітап сыйлайды. Алматының Арбатында жылда өтетін «Кітапфест» көрмесінен қалмаймын. Ақырын жүріп аралап шығамын. Міндетті түрде бір-екі кітап сатып аламын. Ол менің өмірлік салтыма айналып кеткен. Жас күнімде жетім өскен әкемнің, ата-бабамның жүріп өткен жолын, жүрегіңдегі қайғы мұңын түсіну үшін ашаршылық, үркіншілік жылдарын бейнелейтін тарихи кітаптардың бәрін оқып тауыстым. Әлем, орыс, қазақ классиктерін түгел оқыдым. Қазір де ұйқыға жатар алдында төсегімнің бас жағында тұратын кітаптарды бір парақтап жатпасам, көңілім көншімейді.

5. Өмірдің мәні неде?

– Өмірдің мәні – жақсы із қалдыру. Адамдарға пайдаңыз тисе, шәкірт тәрбиелесеңіз, отбасыңызға қамқор болсаңыз – өмірден мән табу сол болар.

6. Бақыттысыз ба?

– Әрине, бақыттымын. Менің талай таныс, сыйлас достарым өмірден өтіп кетті. Сол азаматтарды сағынамын кейде. Сондай аяулы достарыммен қауқылдасып отыратын шуақты сәттер менің бақытты күндерімнің бірі еді. Мұндай сағыныш сезімдері адамның жанын қатайтпауға, күнделікті күйі тірлікке жұтылып кетпеу үшін көп көмегі тиеді екен, соны білдім. Сағынатын адамдарым бар, демек бекер өмір сүрмегенім. Бәйбішем, бала-шағам жанымда, немере-шөберелердің қызығы – нағыз бақыт сол ғой.

7. Ұзақ жасаудың сыры неде? Сіз секілді ой мен бойды қалай тік ұстауға болады?

– Жақсы мен жаманның бір-бірінен қалмай ілесіп қатар шабатыны секілді, мынау жалған дүниеде адам өмірі ешқашан тақтайдай тегіс болмайды. Жағадан алар жау да, етектен тартқысы келетін кесір де кездесері сөзсіз. Дәл сондай сын сәттерде сабырлы, ұстамды болуға тырыстым. Ешкімге кектенбедім. Біреуге тіл тигізіп алудан, қиянат жасаудан сақтандым. Ең жаман деген нәрсенің өзіннен жақсылық іздеп тұруға ұмтылдым. Кездескен кедергілермен күресіп, алға абыроймен ұмтылу – адам ретінде тұғырлы болғаның. Ең бастысы – уақыт аласапыраныңда жоғалып кетпеу. Бұл – менің бойыма әкем сіңірген құндылық. Тік жүрудің, абыройлы болудың сыры осы шығар деймін.



КІТАП ОҚУҒА НЕ КЕДЕРГІ?

Алматыда баспа мамандары бас қосты

Алматы қаласындағы «Мың кітап» әдебиет үйінде кітап саласының мамандары мен БАҚ өкілдерінің кездесуі өтті. Іс-шара цифрландыру үдерісі мен оқырман талғамының өзгеруі жағдайында Қазақстандағы кітаптың болашағына арналды.



Нұрлан
СҮЙІН

Мағыналы жиынды Steppe&World Publishing баспа үйі мен «Мың кітап» әдебиет үйі ұйымдастырды. Кездесуді Steppe&World Publishing баспа үйінің директоры Раиса Сайран Қадыр жүргізді. Жиынға баспагерлер, жазушылар, Кітап палатасының өкілдері және кітап саудасы саласының мамандары қатысып, саланың қазіргі жай-күйін, негізгі үрдістері мен өзекті мәселелерін талқылады.

Мәліметтерге қарасақ, Қазақстанда бір адам жылына орта есеппен 2,5 кітап оқиды, бұл әлемдік

деңгейден айтарлықтай төмен. Осыған байланысты кітапты жеке-жеке жарнамалаудан гөрі, жалпы оқу мәдениетін қалыптастыруға басымдық беру қажеттігі айтылды. Спикерлер қатарында кітап палатасының өкілдері, кітапхана жетекшілері мен түрлі баспа басшылары болды. Талқылау барысында кітапқа деген сұраныстың төмендігі негізгі мәселе ретінде аталды.

Сарапшылар қазақ тіліндегі кітаптардың таралымы мен сатылымы, баспалар арасындағы өзара үйлесімнің әлсіздігі, кітап тарату жүйесінің жеткілікті деңгейде дамымауы сияқты мәселелерді көтерді. Сонымен қатар, кітап баға-

сы, сертификаттау талаптары, заңсыз көшірмелер және шағын баспалардың өнімді өткізу қиындықтары да сөз болды. Қазіргі оқырман сұранысында классикалық әдебиет, өзін-өзі дамыту жанры және кейіпкерге негізделген көркем шығармалар алдыңғы қатарда екені айтылды.

Жиын барысында кітап оқуды мектептен бастап жүйелі түрде дамыту, баспагерлердің оқушылармен тікелей жұмысын күшейту, әдебиетті білім беру бағдарламаларына кеңінен енгізу, сондай-ақ кітап нарығында ортақ статистика мен тұрақты баға саясатын қалыптастыру жөнінде ұсыныстар айтылды. Сала өкілдері шетел тәжірибесіне сүйене отырып, аударма сапасын арттыру, халықаралық бестселлерлерді бейімдеу және отандық авторларды қолдаудың тиімді тетіктерін дамыту қажет екенін атап өтті.

Nomad Culture Foundation директоры Баян Қаблаш халықаралық аренада қазақ әдебиетін таныту бағытында атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталды. Оның айтуынша, отандық баспалар мен мәдени ұйымдар шетелдік әріптестермен байланыс орнатып, қазақстандық авторлардың еңбектерін халықаралық нарыққа шығару жұмыстарын күшейтіп келеді. Атап айтқанда, жыл сайын өтетін Болоньядағы Халықаралық балалар кітап жәрмеңкесі мен Франкфурт кітап жәрмеңкесі сияқты ірі алаңдарда қазақстандық өнімдерді таныстыру мүмкіндігі артып отыр. Бұл бастамалар қазақ әдебиетінің жаһандық кеңістікте танылуына және жаңа оқырман аудиториясын қалыптастыруға ықпал етуде.

ҚАЗАҚ ЛИНГВИСТИКАСЫ

цифрлық дәуірге аяқ басты

Әлем қазір түбегейлі өзгерген. Бұрын елдің қаншалықты қуатты екенін әскері мен экономикасына қарап білетін болсақ, қазір оның орнын интелект пен білім басты.



Нұржамал
ӘЛІШ

Мемлекет өз технологиясын жасай алуға шамасы жетсе – егемендік дегеніміз де сол өзі. Егер ел сырттан келген бағдарламаларға, жасанды интелект пен құрал-жабдыққа қарап отыратын болса, ондай елдің болашағы күмәнді. Сондықтан цифрлық технология, медицина мен энергетика саласында ұлттық ғылымды дамыту керек дейді ғалымдар.

Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте қазақстандық ғалым, саясаттану ғылымының докторы, ҚазҰУ профессоры Шәріпбек Әмірбеков бүгінгі күні ғылымның мемлекет пен тәуелсіздікке қалай әсер ететінін түсіндірді. Оның айтуынша, бұл елді сыртқы ықпалдан қорғауға сеп болады.

«Ғылым түрлі қауіп-қатерге қарсы тұруда да маңызды рөл атқарады. Атап айтсақ, қорғаныс саласында – замандық технологиялар мен жасанды интелект; киберқауіпсіздікте – деректер мен жүйені қорғау, ал медицинада – эпидемияға қарсы жедел әрекет ету арқылы. Алайда, тағы бір маңызды мәселе бар – ол адамдардың ойлау жүйесі. Қазір қарумен емес, біліммен, идеямен, баспен соғысатын заман. Сондықтан бүгінгі кезде «идеялар соғысы» жүріп жатыр деп айтсақ та болады», – дейді профессор Шәріпбек Әмірбеков.

Оның айтуынша, білім беру мен гуманитарлық ғылымдардың рөлі ерекше. Қазақстан қазір қай салада болса да, кез келген реформа мен бастаманы ғылыми негізге сүйеніп барып қолға алуға көңіл бөле бастады. Ғылымға салынған қаржы – бұл елдің болашағына салынған инвестиция екенін айтады Шәріпбек Ағабайұлы. Сондықтан қауіпсіздік кабинетте ғана емес, сонымен қатар университетте, зертханалар мен ғылыми орталықтарда да қатар қалыптасуы керек дейді ол.


Ал Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының директоры, филолог Анар Фазылжан қазақ лингвистикасының негізгі жетістігі мен болашағы туралы баяндап берді.

Мәселен, аталмыш институт ЖИ технологияларын, соның ішінде қазақ тілінің мәдени ерекшелігіне негізделген үлкен тілдік модельдерді (LLM) әзірлеуге де атсалысып жүр. Әсіресе, ұлттық кодтың маңызды тасымалдаушысы – фразеологизмдер мен мақал-мәтелге көп көңіл бөлген.

Қазіргі лингвистика пәнаралық бағыттарды белсенді түрде игеріп жатыр. Социоллингвистика, психоллингвистика мен лингвистикалық персоналогия сияқты салалар дамып жатыр. Институтта жаңа зерттеу бөлімдері, соның ішінде Байтұрсынұлы мұрасын зерттейтін «Ахметтану» бөлімі ашылған.

Eye-Tracking технологиясының көмегімен ғалымдар көз қозғалысы мен мәтінді қабылдау арасындағы байланысты зерттей бастады. Бұл деректер оқу материалының сапасы мен визуалды ортаны жақсартуға септігін тигізеді.

СПИКЕР СӨЗІ



Анар ФАЗЫЛЖАН,
филолог,
Ахмет Байтұрсынұлы
атындағы Тіл білімі
институтының директоры:

**Тіл – ұлттық кодтың
маңызды элементі**

Лингвистика мәдениет пен ойлау қабілетінің дамуына тікелей әсер етеді. Тіл адамның интеллектуалдық және когнитивтік мүмкіндігін қалыптастырады. Бірақ қазір балалардың аз сөйлеп, көп ойлаудан қалып, мәні жоқ мәтіндердің қаптап кеткені алаңдатады бізді. Осындай жағдайда лингвистикалық зерттеулердің қоғамның мәдени және зияткерлік тұтастықты қорғаудағы маңызы арта түсетіні анық.

Қазақстанда тәуелсіздік алғалы бері лингвистикалық зерттеулерге сұраныс айтарлықтай артты. Дегенмен, қоғамда гуманитарлық ғылымдардың құндылығын әлі де арттыру қажет. Қазақ лингвистикасының болашағы үлкен. Ол тіл дамуын жалғастырып, гуманизм, табиғат пен адамға құрмет, мәдени бірегейлік сияқты негізгі құндылықты сақтап, жеткізіп отыр. Қазақ тілі қарым-қатынас құралы ғана емес, сонымен қатар цифрландыру дәуірінде жаңа мәнге ие болып отырған ұлттық кодтың маңызды элементі болып қала береді.

БОЛАШАҚҚА БАСТАР ЖОЛ:

Медеу ауданында кәсіби бағдар беру акциясы жалғасып жатыр

Алматы қаласы Медеу ауданындағы Отбасын қолдау орталығында жастарға арналған кең ауқымды кәсіби бағдар беру іс-шарасы жалғасып жатыр. Басты мақсат – мектеп оқушылары мен талапкерлерге болашақ мамандықты саналы түрде таңдауға көмектесу, еңбек нарығында сұранысқа ие бағыттармен таныстыру және жеке қабілеттерін ескере отырып, кәсіби жолын айқындауға бағыт-бағдар беру.



Дана
САДЫРҚАН

Медеу ауданы әкімінің орынбасары Айдос Нұрлыбаевтың айтуынша, аудан әкімдігі аппаратының бастамасымен сәуір айы бойы «Кәсіби бағдар – 2026» ауқымды акциясы жүзеге асырылуда.

– Акция бір айға жоспарланған және ауданымыздағы 29 мектеп пен колледж түлектерін қамтиды. Бүгінде қарқынды өзгеріп жатқан заманда жастарға сұранысқа ие мамандықтар, білім алу мүмкіндіктері және кәсіби даму бағыттары туралы нақты әрі сенімді ақпарат беру аса маңызды, – деді ол.

Іс-шара барысында қатысушылар әртүрлі сала маманымен кездесіп, олардың тәжірибесімен танысты. Сонымен қатар, интерак-

тивті сессиялар ұйымдастырылып, кеңес беру алаңдары жұмыс істеді. Арнайы презентациялар арқылы оқу орындарының білім беру бағдарламалары мен мүмкіндіктері таныстырылды.

Медеу ауданы Отбасын қолдау орталығының басшысы Арлан Әубәкіровтің мәліметінше, өзге аудан оқушылары да орталыққа жиі келеді.

– Біз бұл жұмысты ай соңына дейін жалғастыруды жоспарлап отырмыз. Қатысушы саны өте көп. Бұрын тек 9 және 11-сыныптарға бағытталса, қазір 8–11-сынып оқушыларын толық қамтып отырмыз. Мақсатымыз – оқушыларды қызықтырып қана қоймай, нақты бағыт беру. Олар өздеріне ұнаған мамандық бойынша ақпарат алып, байланыс орнатып, әрі қарай өз бетімен ізденеді, – деді ол.



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ



ҚАУЛЫ

Алматы қаласы әкімдігінің
2026 жылғы 13 сәуірдегі №2/195-443 қаулысы

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскесін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлкі мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабына, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңына сәйкес, «Алматы қаласы Жетісу ауданы әкімі аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2025 жылғы 15 желтоқсандағы №25.1-25.04/990-И хаты негізінде, Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Инновациялық шығармашылық орталық құрылысын салу үшін «Адам» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Алматы қаласы, Жетісу ауданы, Жансүгіров көшесінің батысы, Д.Қонаев каналының солтүстігінде орналасқан кадастрлық нөмірі 20-314-002-043, ауданы 1,2581 га, 1 (бір) жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты, жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлкі иеліктен шығару басталсын.

2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2027 жылдың 31 желтоқсанына дейін белгіленсін.

3. Меншік иелері жүгінетін орын Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Төле би көшесі, 155, 6-қабат, 603-кеңсе болып белгіленсін.

4. Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылдаған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

5. Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасының «Қала жер орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны заңнамада белгіленген тәртіппен меншік иелерін хабардар етсін.

6. «Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі:

1) заңнамамен белгіленген тәртіпте жер учаскелерінің меншік иелеріне өтемақы төлеуді қамтамасыз етсін;

2) мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлкі мәжбүрлеп иеліктен шығару бойынша іс-шараларды аяқтағаннан кейін жер учаскелерін «Жетісу ауданы әкімі аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің теңгеріміне берсін;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған өзге де қажетті шараларды қабылдасын.

7. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі

Д.САТЫБАЛДЫ

Алматы қаласы әкімдігінің
2026 жылғы 13 сәуірдегі №2/195-444 қаулысы

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскесін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлкі мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабына, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңына сәйкес, «Алматы қаласы Алмалы ауданы әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2025 жылғы 24 қаңтардағы №22.1-22.01/46-И хаты негізінде Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ортақ пайдалану объектісі үшін (аумақты абаттандыру үшін) Асыл Серикович Тлеухановтың, Эльмира Жуматовна Абишеваның Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Әлімжанов көшесі, 73 мекенжайы бойынша орналасқан, кадастрлық нөмірі 20-311-047-033 (20-314-020-066), алаңы 0,1595 га жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты, жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлкі иеліктен шығару басталсын.

2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2027 жылдың 31 желтоқсанына дейін белгіленсін.

3. Меншік иелері жүгінетін орын Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Төле би көшесі, 155, 6-қабат, 603-кеңсе болып белгіленсін.

4. Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылдаған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

5. Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасының «Қала жер орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны заңнамада белгіленген тәртіппен меншік иелерін хабардар етсін.

6. «Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі:

1) заңнамамен белгіленген тәртіпте жер учаскесінің меншік иелеріне өтемақы төлеуді қамтамасыз етсін;

2) жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлкі мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығару бойынша іс-шараларды аяқтағаннан кейін жер учаскесін «Алматы қаласы Алмалы ауданы әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің теңгеріміне берсін;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған өзге де қажетті шараларды қабылдасын.

7. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі

Д.САТЫБАЛДЫ

Алматы қаласы әкімдігінің
2026 жылғы 13 сәуірдегі №2/195-445 қаулысы

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлкі мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабына, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңына сәйкес, «Алматы қаласы Энергетика және сумен жабдықтау басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2025 жылғы 4 желтоқсандағы №14558 СЛ хаты негізінде Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. ТК 18-3 тен ЖЭС-1-ге дейінгі ТМ-ЖЭС-2-ЖЭС-1 (Гүлдер) жылу магистралін реконструкциялау үшін, Алматы қаласы, Жетісу ауданы, Рысқұлов даңғылы, Яблочков көшесі, Туринск көшесі ЖЭС-1 көшелер аралығында, орналасқан 45 (қырық бес) жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлкітерді осы қаулының қосымшасына сәйкес мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.

2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2028 жылдың 31 желтоқсанына дейін белгіленсін.

3. Меншік иелері жүгінетін орын Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Төле би көшесі, 155, 6-қабат, 603-кеңсе болып белгіленсін.

4. Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылдаған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

5. Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасының «Қала жер орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны заңнамада белгіленген тәртіппен меншік иелерін хабардар етсін.

6. «Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі:

1) заңнамамен белгіленген тәртіпте жер учаскелерінің меншік иелеріне өтемақы төлеуді қамтамасыз етсін;

2) мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлкі мәжбүрлеп «Алматы қаласы Энергетика және сумен жабдықтау басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекеменің теңгеріміне берсін;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған өзге де қажетті шараларды қабылдасын.

7. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі

Д.САТЫБАЛДЫ

Алматы қаласы әкімдігінің
2026 жылғы 13 сәуірдегі №2/195-445 қаулысына қосымша

Мәжбүрлеп иеліктен шығаруға жататын жер учаскелерінің тізбесі

Р/С №	Жер учаскесінің меншік иесінің (жер пайдаланушының) тегі, аты-жөні (атауы)	Кадастрлық нөмірі	Жер учаскесінің орналасқан жері	Жер учаскесінің ауданы, га
1	«Алматылифт» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	20-314-006-072	Рысқұлов даңғылы, 43	жалпы -1,2283 иеліктен шығарылатын ауданы-0,1091
2	«Vehicle Details» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	20-314-006-044	Рысқұлов даңғылы, 45 үй	жалпы 0,5980 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0558

3	«САЯ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	20-314-009-098	Рысқұлов даңғылы, 52 А үй	жалпы 0,2875 иеліктен шығарылатын ауданы-0,1707
4	Кузьмина Любовь Александровна	20-314-008-020	Полежаев көшесі, 168 үй	жалпы 1,230 үлесі 0,0547 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0397
5	Барлыков Алтай Габдылхакович	20-314-008-020	Полежаев көшесі, 168 үй	жалпы 1,230 үлесі 0,0300 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0397
6	Абдумажатиева Алтынқыз	20-314-008-020	Полежаев көшесі, 168 үй	жалпы 1,230 үлесі 0,0383 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0397
7	Эрметов Абдулаиз Ильхамджанович, Мирончик Кира Борисовна	20-314-008-129	Полежаев көшесі, 172 үй	жалпы 0,2134 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0135
8	Нечитайленко Надежда Николаева, Бондаренко Анна Александровна, Бондаренко Александр Александрович, Бондаренко Вера Александровна	20-314-008-132	Яблочкова көшесі, 2 үй	жалпы 0,0673 үлесі 0,0456 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0135
9	Мишина Мадина Муратовна	20-314-008-132	Яблочков көшесі, 2 үй	жалпы 0,0673 үлесі 0,0217 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0135
10	Хабарова Тамара Анатольевна	20-314-011-336	Яблочков көшесі, 49 үй	жалпы 0,0706 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0573
11	Платонова Марина Николаевна	20-314-011-041	Яблочков көшесі, 55 үй	жалпы 0,0700 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0236
12	Абдраимова Любовь Исаковна	20-314-011-241	Яблочков көшесі, 57 үй	жалпы 0,0622 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0558
13	«Almaty Renovation» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	20-314-012-020	Шамиева көшесі, 3 үй, 17 жай	жалпы 0,0410 үлесі 0,0024 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0271
14	«Колобок и Ко» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	20-314-012-049	Ползунов көшесі, 4 үй	жалпы 0,1491 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0984
15	Алехин Михаил Иванович, Попкова Наталья Васильевна	20-314-012-022	Туринск көшесі, 2 үй	жалпы 0,0636 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0338
16	Горюнов Олег Александрович, Сухова Елена Юрьевна	20-314-012-013	Туринск көшесі, 4 үй	жалпы 0,0560 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0394
17	Сасова Светлана Павловна	20-314-012-038	Туринск көшесі, 6 үй	жалпы 0,0602 үлесі 0,0270 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0431
18	Барышев Иван Валерьевич	20-314-012-038	Туринск көшесі, 6 үй	жалпы 0,0602 үлесі 0,0332 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0431
19	Фролова Елена Сергеевна	20-314-012-055	Туринск көшесі, 8 үй	жалпы 0,0600 үлесі 0,0295 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0435
20	Сартакова Надежда Николаевна	20-314-012-021	Туринск көшесі, 10 үй	жалпы 0,0572 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0406
21	Букреев Анатолий Юрьевич	20-314-012-058	Туринск көшесі, 12 үй	жалпы 0,0544 үлесі 0,0178 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0351
22	Ли Алла, Ким Виталий Николаевич	20-314-012-058	Туринск көшесі, 12 үй	жалпы 0,0544 үлесі 0,0318 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0351
23	Кухарев Александр Валентинович	20-314-012-011	Туринск көшесі, 14 үй	жалпы 0,0574 үлесі 0,0287 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0371
24	Килева Лариса Вячеславовна	20-314-012-011	Туринск көшесі, 14 үй	жалпы 0,0574 үлесі 0,0287 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0371
25	Погребкова Анастасия Сергеевна	20-314-012-082	Туринск көшесі, 16 үй	жалпы 0,0573 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0352
26	Байтемирова Ботагөз Ақабаевна	20-314-012-044	Туринск көшесі, 18 үй	жалпы 0,0575 үлесі 0,0143 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0347
27	Ткаченко Галина Михайловна	20-314-012-044	Туринск көшесі, 18 үй	жалпы 0,0575 үлесі 0,0196 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0347
28	Федоров Евгений Юрьевич	20-314-012-044	Туринск көшесі, 18 үй	жалпы 0,0575 үлесі 0,0236 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0347
29	Курбанова Марина Вячеславовна	20-314-012-004	Туринск көшесі, 20 үй	жалпы 0,0576 үлесі 0,0238 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0357
30	Кокорина Ольга Владимировна	20-314-012-004	Туринск көшесі, 20 үй	жалпы 0,0576 үлесі 0,0245 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0357
31	Имамвердиева Самира Айдын кызы	20-314-012-004	Туринск көшесі, 20 үй	жалпы 0,0576 үлесі 0,0093 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0357
32	Лопина Алла Петровна	20-314-012-098	Туринск көшесі, 22 үй	жалпы 0,0638 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0399
33	Оспанов Кайырым Жумағалиевич	20-314-011-261	Туринск көшесі, 28 үй	жалпы 0,0577 үлесі 0,0273 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0388
34	Фролова Светлана Владимировна	20-314-011-261	Туринск көшесі, 28 үй	жалпы 0,0577 үлесі 0,0304 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0388
35	Галиев Фархад Хамикович	20-314-011-386	Туринск көшесі, 30 үй	жалпы 0,0234 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0148

36	Васильева Тамара Васильевна	20-314-011-384	Туринск көшесі, 30/1 үй	жалпы 0,0277 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0181
37	Мукашев Марат Касенович	20-314-012-027	Ленского көшесі, 24/3 үй	жалпы 0,0551 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0404
38	Ахметова Майгуль Скендировна	20-314-011-159	Ленского көшесі, 4/26 үй	жалпы 0,0546 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0394
39	Жакибаев Даулет Балтабаевич	20-314-012-097	Ленского көшесі, 5 үй	жалпы 0,0511 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0444
40	Абишева Рысхан Алтынбековна	20-314-011-004	Ленского көшесі, 8 А үй	жалпы 0,1483 үлесі 0,0662 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0616
41	Шкрупатов Евгений Юрьевич	20-314-011-279	Тюменская көшесі, 3/32үй	жалпы 0,0540 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0347
42	Вдовин Павел Павлович, Вдовина Наталья Николаевна	20-314-011-316	Тюменская көшесі, 6 үй	жалпы 0,0511 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0511
43	Шипунов Виктор Петрович	20-314-011-389	Тюменская көшесі, 7 үй	жалпы 0,1031 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0501
44	Шипунов Виктор Петрович	20-314-011-388	Тюменская көшесі, 7/1 үй	жалпы 0,0439 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0439
45	Агибаев Ришат Ескожаевич	20-314-011-160	Тюменская көшесі, 10 үй	жалпы 0,0938 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0735

Алматы қаласы әкімдігінің
2026 жылғы 13 сәуірдегі №2/195-446 қаулысы

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлкі мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабына, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңына сәйкес, «Алматы қаласы Жол қозғалысы және жолаушылар көлігін ұйымдастыру басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2026 жылғы 23 ақпандағы №56.2-56.03/307-И хаты негізінде, Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Автобус паркі құрылысы үшін, Алматы қаласы, Наурызбай ауданы, «Ақжар» шағынауданы, Жандосов көшесінің солтүстігі, Егінсу көшесінің шығысы мекенжайы бойынша орналасқан 3 (үш) жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты, жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлкі осы қаулының қосымшасына сәйкес мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.

2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2027 жылдың 31 желтоқсанына дейін болып белгіленсін.

3. Меншік иелері жүгінетін орын Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Төле би көшесі, 155, 6-қабат, 602-кеңсе болып белгіленсін.

4. Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылдаған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

5. Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасының «Қала жер орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны заңнамада белгіленген тәртіппен меншік иелерін хабардар етсін.

6. «Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі:

1) заңнамамен белгіленген тәртіпте жер учаскелерінің меншік иелеріне өтемақы төлеуді қамтамасыз етсін;

2) жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлкі мәжбүрлеп иеліктен шығару бойынша іс-шараларды аяқтағаннан кейін жер учаскелерін «Алматы қаласы Жол қозғалысы және жолаушылар көлігін ұйымдастыру басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің теңгеріміне берсін;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған өзге де қажетті шараларды қабылдасын.

7. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі

Д.САТЫБАЛДЫ

Алматы қаласы әкімдігінің
2026 жылғы 13 сәуірдегі
№2/195-446 қаулысына қосымша

Мәжбүрлеп иеліктен шығаруға жататын жер учаскелерінің тізбесі

Р/с №	Жер учаскесі меншік иесінің (жер пайдаланушының) тегі, аты-жөні (атауы)	Кадастрлық нөмірі	Жер учаскесінің орналасқан жері	Жер учаскесінің ауданы, га
1	«Арперат НС» жауапкершілігі шектеулі серіктест			



«Almaty aqshamy» газетіне жазылыңыз!

«Almaty aqshamy» – елдегі ең ірі мегаполистің бас басылымы. Алматылықтарға етене, ел оқырмандарына ортақ газет – қазақ журналистикасының дәстүрлі мектебі мен заманауи ой алаңы.

«Ақшам» бетінде Алматы айшықтарымен қатар тұтас елді толғандыратын тақырыптарды таба аласыз. Тұрмыстық мәселелерден тартып, іскерлік ортаға дейінгі тақырыптарға талдамалық, сараптамалық жауаптарды аласыз.

Бізге жазылыңыз!

Алматыдағы өнер мен әдебиеттің, сән мен шоу-бизнесінің соңғы трендтерінен қалыс қалмаңыз!

Басылымға «Қазпошта» АҚ Алматы поштаматы бөлімшелерінде, «Евразия Пресс» агенттігі өкілдерінде жазылуға болады.

Бізді онлайн оқуға болады: aqshamnews.kz
Анықтама үшін телефондар:
8 (727) 293-08-12,
8 (727) 293-08-25.

2026 жылға басылымға жазылу науқаны жалғасып жатыр

ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503**Жеке жазылушылар үшін:**

1 айға – 835,96 теңге.

3 айға – 2507,88 теңге.

6 айға – 5015,76 теңге.

8 айға – 6687,68 теңге.

15503**Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін:**

1 айға – 1431,83 (қала), 1035,96 (ауыл) теңге.

3 айға – 4295,49 (қала), 3107,88 (ауыл) теңге.

6 айға – 8590,98 (қала), 6215,76 (ауыл) теңге.

8 айға – 11454,64 (қала), 8287,68 (ауыл) теңге.

95503**Зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін:**

1 айға – 615,96 теңге.

3 айға – 1847,88 теңге.

6 айға – 3695,76 теңге.

8 айға – 4927,68 теңге.

Құрметті оқырмандар!

«Almaty aqshamy» газетінің баспа нұсқасына жазылуды енді **Post.kz** сайты арқылы немесе мобильді қосымшаны пайдалана отырып, онлайн-режимде рәсімдеуге болатынын қуана хабарлаймыз. Жылдам іздеу функциясы арқылы «Almaty aqshamy» газетін тауып, оған жазылуды бір сәтте рәсімдеуге болады. Газетке жазылу үшін оның қажетті санын, жазылу мерзімін көрсетіп, кез келген банктің картасымен төлем жасау қажет. Жазылу индекстері мен жазылу құны «Almaty aqshamy» газетінің баспа нұсқасына жазылумен тең. Газет **Post.kz**-пен рәсімдеу кезінде көрсетілген мекенжай бойынша жеткізіледі.

Қызмет 24/7 қолжетімді.

Алматы қаласы әкімдігінің
2026 жылғы 13 сәуірдегі №2/195-448 қаулысы

Алматы қаласы әкімдігінің кейбір қаулыларына өзгерістер енгізу туралы

Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Алматы қаласы әкімдігінің келесі қаулыларына өзгерістер енгізілсін:

1) «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» 2025 жылғы 22 қаңтардағы №1/1-61: қосымшадағы: реттік нөмірлері 171, 172 жолдары келесі редакцияда мазмұндалсын:

171.	Амирахов Меграб Ахмадогли	20-321-064-118	Райымбек даңғылы, 393, 1-пәтер	жалпы-0,1529 үлесі-0,0237 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0102
172.	Амирахов Меграб Ахмадогли, Аджиева Тамелла	20-321-064-118	Райымбек даңғылы, 393, 3-пәтер	жалпы-0,1529 үлесі-0,0520 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0225

реттік нөмірі 197 жолы келесі редакцияда мазмұндалсын:

197.	Амирахов Меграб Ахмадогли, Аджиева Тамелла	20-321-064-118	Райымбек даңғылы, 393, 4-пәтер	жалпы-0,1529 үлесі-0,0336 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0144
------	--	----------------	--------------------------------	--

2) «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» 2025 жылғы 17 наурыздағы №1/1-416: қосымшадағы: реттік нөмірі 26 жолы келесі редакцияда мазмұндалсын:

26.	Верекина Людмила Михайловна	20-317-011-057	Закарпатская көшесі, 1/5, 83 көлжіжай	
-----	-----------------------------	----------------	---------------------------------------	--

3) «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» 2025 жылғы 2 сәуірдегі №2/262-519: қосымшадағы: реттік нөмірі 51 жолы келесі редакцияда мазмұндалсын:

51.	Жидебаева Римма Абдрасиловна	20-322-005-394	«Қалқаман-2» шағынауданы, Ақтамберді жырау көшесі, 14 А	0,0398
-----	------------------------------	----------------	---	--------

4) «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» 2025 жылғы 27 маусымдағы №2/262-880: қосымшадағы: реттік нөмірі 12 жолы келесі редакцияда мазмұндалсын:

12.	Әміртай Жақсылық Сайлауұлы	20-322-002-1259	«Шұғыла» шағынауданы, С.Жүнісов көшесі, 51	0,0056
-----	----------------------------	-----------------	--	--------

5) «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» 2025 жылғы 4 қыркүйектегі №3/470-1177: қосымшадағы: реттік нөмірі 57 жолы келесі редакцияда мазмұндалсын:

57.	«Сапмат Групп» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	20-317-106-435	«Қайрат» шағынауданы, 135/2 учаске	0,1270
-----	---	----------------	------------------------------------	--------

аталған қаулының қосымшасы реттік нөмірлері 75, 76 жолдармен келесі редакцияда толықтырылсын:

75.	Оспанов Ербол Куралович	20-317-106-022	«Қайрат» шағынауданы, Тараз көшесі, 24 учаске	жалпы-0,0230 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0070
-----	-------------------------	----------------	---	---

76.	Оспанов Ербол Куралович	20-317-106-023	Д.А.Конаев атындағы тұтыну кооперативі, 3 учаске	жалпы-0,0570 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0158
-----	-------------------------	----------------	--	---

2. Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылдаған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етісін.

3. Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы осы қаулыдан туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі

Д.САТЫБАЛДЫ

Алматы қаласы тұрғындарының, кәсіпорындары мен ұйымдар басшыларының назарына!

2026 жылғы 15 сәуір, сағат 06.00-ден сағат 07.00-ге дейін «АлЭС» АҚ Алматы А.Жакутов атындағы 2-ЖЭО-дан мекенжайы: Алматы қ. Алатау ауданы, «Алғабас» ықш. ауданы, 7-көше, 130-үй БЖК Орталық тарату пунктіне дейін мекенжайы: Алматы қ., Әуезов ауданы, Төле би к., 308 үй Ду800 жылу магистралінде гидравликалық сынақ жұмыстары жүргізіледі.

Осыған байланысты «АлЭС» АҚ сынақ ететін «Алғабас» ықш. ауданы, Ақсай-3 к., Марғұлан к., Трудовая к., «Алтын бесік» ықш. ауданы, «Ақсай-3», «Ақсай-3 А» ықш. ауданы, «Ақсай-3 Б» ықш. ауданы, «Ақсай-2» ықш. ауданы, Саин к. (Төле би және Қабдолов к.), «Сайран» Орталық халықаралық автобөкетінің батысына қарай (Саин к. мен Өтеген батыр к. аралығында) аумақтың барлық тұрғындарының жылу магистралінің ықтимал бұзылуы жағдайында ауыр жарақат алуы болдырмау үшін қауіпсіздік техникасын сақтауды сұрайды.

Кәсіпорындар мен ұйым басшылары адамдарды сынақ ететін жылу магистралінің аумағынан, ықтимал жазатайым жағдайды болдырмау үшін шығарсын.

Қосымша мәліметтерді 8 (727) 227-70-21 телефоны арқылы алуға болады.

ДЕНСАУЛЫҚ

ҚАТЕРЛІ ДЕРТКЕ ҚАРСЫ ШЕШІМ

Онкологиялық науқастарды қолдауға арналған конференция өтті

Алматыда онкологиялық науқастарды қолдауға бағытталған «Жаңа үміт – Жан дауа» атты II республикалық конференция өтті. Narxoz Business School алаңында ұйымдастырылған жиын гибриді форматта өтті, оған дәрігерлер, түрлі сала мамандары, қоғамдық ұйым өкілдері және онкопациенттер қатысты. Іс-шараны «Ғылыми-медициналық қоғам» бірлестігі мен «Onco Senim Fund» қоры бірлесіп өткізді.



Конференция онкологиялық науқастарға көрсетілетін медициналық, психологиялық және әлеуметтік қолдауды күшейтуді басты мақсат еткен. Спикерлер қатерлі ісікке күдік туған жағдайда жедел тексеруден өтуге мүмкіндік беретін «жасыл дәліз» жүйесінің енгізіліп жатқанын айтты. Бұл тәсіл уақыт жоғалтпай, диагнозды ерте анықтауға және емді дер кезінде бастауға жол ашады. Мамандар дәл осы ерте диагностика нәтижелі емдеудің алғышарты деп санайды.

Жиында цифрлық шешімдер де таныстырылды. Соның бірі – EMDEL жүйесі. Бұл платформа арқылы дәрігер рецепті пациенттің телефонына жолдайды, ал науқас дәріні қосымша арқылы төлеп, үйіне жеткізіп ала алады. Яғни дәрігер, пациент және дәріхана арасындағы байланыс толықтай онлайн форматқа көшіп, уақыт пен күшті үнемдеуге мүмкіндік береді.

Психологиялық қолдау мәселесі де назардан тыс қалған жоқ. «Onco Senim Fund» қоры онкопациенттерге арналған арт-терапия жобаларын ұсынып отыр. Соның ішінде театр арқылы жүргізілетін

терапиялық сабақтар іске қосылған. Бұл бастама науқастардың эмоционалдық күйін тұрақтандырып, өмірге деген сенімін арттыруға бағытталған.

Қайырымдылық саласында алты жылдан астам тәжірибесі бар Айнұр Қылышбекова да өз пікірін білдірді. Оның айтуынша, онкологиялық дертпен күресте тек медициналық ем ғана емес, адамның ішкі сенімі мен психологиялық беріктігі шешуші рөл атқарады. «Адам өзіне сенбесе, ауруды жеңу қиындайды. Сондықтан мұндай қолдау алаңдарының маңызы зор», – дейді ол.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, биыл конференция форматы жаңартылып, мазмұны пациенттер арасында жүргізілген онлайн сауалнама негізінде жаңаланған. Соның нәтижесінде ең өзекті мәселелер талқыланып, қатысушыларға нақты пайдалы ақпарат ұсынылды. Жалпы, «Жаңа үміт – Жан дауа» конференциясы онкопациенттерге тек ақпарат беріп қана қоймай, оларды біріктіретін, қолдау мен сенім сыйлайтын маңызды алаңға айналды.

Дильназ ЕРДЕМБЕКОВА.

Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ

Қабылдау бөлмесі:
тел.: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ
тел.: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира САЙДАХМЕДОВА
тел.: 293-04-28.

Бас редактор – **Есхат БОЖАН**
тел.: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –
Серік ЖҰМАБАЕВ
тел.: 293-52-36.

Жауапты хатшы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел.: 293-52-43.

Ақпараттық-талдау бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІП

Саясат және экономика бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШ

Цифрлық инфрақұрылым және кері байланыс бөлімінің редакторы –
Гүлжанат СЕМБАЕВА
тел.: 293-52-36.

Коммерциялық директор –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел.: 293-08-12. E-mail:
rekalatauqparat@gmail.com

Жарнама және тарату бөлімі. E-mail:
rekalatauqparat@gmail.com
тел.: 293-08-25
8 707 948 73 78

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ,
Валерий ЖАНДӘУЛЕТОВ

ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША ШАҒЫМДАР БОЛСА...

«Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына:
8 777 078 53 48, 8 747 204 19 70
телефоны арқылы сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatau Aqparat» ЖШС.

E-mail:
alatauqparat@gmail.com
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет аптасына 2 рет, сейсенбі және жұма күндері шығарылады. Нөмірдің таралымы – 10 252 дана (сейсенбі)

Кезекші редактор – Гүлжанат СЕМБАЕВА

Газет «Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесінде тіркелген. Тіркеу туралы № КЗ17VPY00085956 куәлігі 19.01.2024 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Сууреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Алматы-болашақ» АҚ-да басылды. 050026, Алматы қаласы, Мұқанов көшесі, 223 В. Тел.: 8 (727) 378-40-08, 378-42-00 Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газеті «AIR ASTANA» әуе компаниясының бизнес-класс бортында және «Жолаушылар тасымалы» АҚ пойыздарындағы жолаушыларға қолжетімді.



Суреттерді түсірген Самал СЕРІКБАЙҚЫЛЫ

ҚАЛАҒА ҚАМҚОРЛЫҚ

Бір күнде 2,5 мың текше метрден астам қалдық шығарылды

Алматыда «Таза Қазақстан» республикалық бағдарламасы аясында жалпықалалық сенбіліктер ұйымдастырылды. Іс-шаралар қаланың экологиялық жағдайын жақсартуға, санитарлық мәдениетті арттыруға және қалалық ортаны көркейтуге бағытталды. Бұл туралы қаланың коммуналдық инфрақұрылым және тұрғын үй инспекциясы басқармасының өкілдері айтты.



Гүлжанат
СЕМБАЕВА

«Мөлдір бұлақ» экологиялық акциясы қаланың сегіз ауданындағы 23 нысанды қамтыды. Іс-шараларға 36 300 адам қа-

тысып, 365 бірлік арнайы техника жұмылдырылды.

Жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде 2590 текше метр қоқыс пен қалдық шығарылды. Сонымен қатар, сенбілік аясында 50 ағаш пен 700 бұта егіліп, бұл қаладағы жасыл желекті көбейтуге және экологиялық ахуалды жақсартуға ықпал етті.

Әсіресе, Медеу және Алатау аудандарында қатысушылар саны көп, бұл екі ауданда жалпы 15 мыңнан астам адам сенбілікке қатысты. Сондай-ақ, Бостандық, Әуезов және Наурызбай аудандарында да тазалық жұмыстары кең көлемде жүргізілді.

Жұмыстар қаланың негізгі аумақтарын қамтыды: Үлкен Алматы, Есентай және Қарасу өзендерінің жағалаулары, аула аумақтары, саябақтар мен қоғамдық кеңістіктер тазартылды. Арық жүйелерін, жасыл аймақтарды және тұрғындар көп жиналатын орындарды тазалауға ерекше көңіл бөлінді.



САЯБАҚТАҒЫ СЕНБІЛІК

Түркісіб ауданында орналасқан Желтоқсан саябағында сенбілік ұйымдастырылды. Қала тазалығын жақсартуға бағытталған маңызды экологиялық іс-шара кең көлемде өтті. Бұл бастама қоршаған ортаны қорғау, тұрғындар арасында экологиялық мәдениетті қалыптастыру және қоғамдық кеңістіктердің тазалығын сақтау мақсатында жүзеге асырылды.



Дана
САДЫРҚАН

Түркісіб ауданы әкімінің орынбасары Ермек Әміровтің айтуынша, сенбілікке 2000-ға жуық адам қатысты. Олардың қатарында аудан тұрғындары, жастар ұйымдарының өкілдері, еріктілер, мемлекеттік мекеме қызметкерлері мен түрлі ұйым ұжымдары бар.

– Қатысушылар бір кісідей жұмылып, саябақ аумағын тазарту, абаттандыру және көгалдандыру жұмыстарын белсенді түрде жүргізді. Сонымен қатар, коммуналдық техника да жұмылдырылды, – деді ол.

Тазалық жұмыстары барысында саябақ ішіндегі қоқыстар жиналып, құрғақ шөптер мен сынған бұтақтар тазартылды. Ағаштардың түбі әктеліп, жасыл желекті күтіп-баптау шаралары атқарылды. Жаяу жүргіншілер жолдары ретке келтіріліп, демалыс аймақтары тазартылды. Нәтижесінде тұрғындар үшін қолайлы әрі таза орта қалыптасты.

Ауқымды сенбілікке арнайы техника да кеңінен тартылды. Атап айтқанда, 20 жүк көлігі мен 10 тиегіш жұмыс істеп, жиналған қалдықтарды уақытылы шығарып, тазалық жұмыстарының тиімді әрі жедел жүргізілуіне мүмкіндік берді. Бұл сенбіліктің сапалы өтуіне айтарлықтай үлес қосты.

Ұйымдастырушылардың айтуынша мұндай сенбіліктердің маңызы зор. Бұл тек тазалық жұмыстары емес, тұрғындардың қоршаған ортаға деген жанышылдығын арттырып, қоғамда жауапкершілік мәдениетін қалыптастырады. Сонымен қатар, адамдарды бірлікке шақырып, туған жерге деген қамқорлықты күшейтеді.

Алматы қаласы мәслихатының депутаты Дулат Рамазанов сенбіліктің қоғам үшін маңызын атап өтті:

– «Таза Қазақстан» науқаны аясында осындай игі іс-шаралар ұйымдастырылып жатыр. «Бірлік бар жерде тірлік бар» дегендей, барлығымыз қаланың тазалығына бір кісідей атсалысуымыз керек. Әсіресе, жастардың экологиялық санасының жоғары екенін атап өткім келеді, – деді.

Жергілікті тұрғын Гүлнафиз Сарыбаева елге тыныштық тілей отырып, жастарға үлгі көрсету үшін мұндай сенбіліктерге жиі қатысатынын айтты.

Желтоқсан саябағында өткен сенбілік нәтижесінде аумақ толықтай тазартылып, көркейе түсті. Айта кетейік, мұндай экологиялық іс-шаралар алдағы уақытта да тұрақты түрде ұйымдастырылып, қаланың экологиялық жағдайын жақсартуға бағытталған жұмыстар жалғасын табады.



ТЕРІСБҰЛАҚ ТАЗАРДЫ

Медеу ауданында «Таза Қазақстан» республикалық акциясы аясында тұрғындар мен түрлі ұйым қызметкерлерінің қатысуымен сенбілік өтті. Іс-шараға Ядролық физика институтының өкілдері де атсалысты.



Аяжан
СЕРІКҚЫЗЫ

Жұмыстар екі негізгі локацияда өтті. «Алатау» шағынауданында, сондай-ақ Терісбұлақ өзенінің батыс жағалауында – Оспанов көшесінен Жамақаев көшесіне дейінгі аралықта жүргізілді. Аталған аумақтарда тазалық жұмыстары қарқынды жүргізіліп, қоқыстар жиналып, қоршаған орта ретке келтірілді. Жұмыстарды жүргізу үшін арнайы техника жұмылдырылып,

қатысушыларға қажетті құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілді.

Медеу ауданы әкімінің орынбасары Айдос Нұрлыбаевтың айтуынша, сенбілікке түрлі сала өкілдері қатысты.

– «Бүгін «Таза Қазақстан» акциясы аясында Медеу ауданында сенбіліктер ұйымдастырылып жатыр. Қазіргі таңда «Алатау» шағынауданында тұрғындар, мектеп пен балабақша ұжымдары, медицина қызметкерлері және Ядролық физика институтының қызметкерлері жұмылдырылды. Мұнда жалпы саны шамамен, 300 адам қатысуда. Екінші мекенжайда тағы 110-ға жуық адам қатысты», – деді ол.

Сонымен қатар, сенбілік барысында қауіпсіздік мәселесі де назардан тыс қалмады. Аумақта медицина қызметкері кезекшілік атқарды. Сенбілік тек тазалық жұмыстары ғана емес, шағын мерекелік атмосферасымен де ерекшеленді. Акцияға балалар да қатысып, олар үшін арнайы анимациялық бағдарламалар ұйымдастырылды.